



## ОРАЗА АЙТ МЕЙРАМЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен телефон арқылы сөйлесті.


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Шахбаз Шариф бір-бірін Ораза айт мейрамымен құттықтады.

Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.

Сонымен қатар экономикалық кооперацияның, әсіресе, көлік-логистика және инвестиция бағытындағы ықпалдастықтың әлеуетін барынша тиімді пайдалану маңызды екені атап өтілді.

## ЖАМБЫЛДАҒЫ ДҮМПУ: ҮРЕЙЛЕНУГЕ НЕГІЗ БАР МА?

Жамбыл облысында болған жер сілкінісі дүйім жұртты дүр сілкіндірді. Дүмпу тұрғындарды ғана емес, билік өкілдерін де аяғынан тік тұрғызды. Меркі мен Т.Рысқұлов аудандарында жер сілкінуінің магнитудасы 5 балға жетсе, Тараз, Шу, Қордай мен Мойынқұм аудандарында 2 балдық көрсеткішті көрсетті. Зақымданды делінген 120-дан аса нысан есепке алынып, тұрғындардан 100-ге жуық арыз түскен. Табиғи апатқа байланысты Президент өңірге жұмысшы тобын жіберіп, жағдайды жіті бақылауына алды.



→ 7

## САНА ТІЗГІНІ: ӘЛЕМІҢДІ ТАНУДЫҢ ӘЛЕГІ



Елімізде бала құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заң қабылданып, кешенді шаралар мен бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен балалар арасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттік, суицид секілді кеселдің статистикасы кемімей тұр. Мамандардың айтуынша, мәселенің ушығуының бір себебі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық, яғни психикадағы бұзылыс және жан дүниесіндегі бұлқыныс. Ал жанның сау, сананың сергек болуы үшін әуелі сауатты психологтың көмегі ауадай қажет. Бірақ көбіміз психиатрия, психология және психотерапия дегеннің не екенін біле бермейміз. Жалпы, бұл ауқымды тақырып болғандықтан, біз «Алаңда» өскелең ұрпақтың жан саулығы мен сана сергектігіне қатысты сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

→ 4

## ҚАЗАҚСТАН – СЛОВЕНИЯ: БЕРІК БАЙЛАНЫСҚА БЕТ БҰРДЫ

Достық және өзара тиімді серіктестік деңгейінде дамып келе жатқан Қазақстан мен Словения арасындағы қарым-қатынастар әрі қарай қарқын ала түспек. Кеше Словения Президенті Наташа Пириц-Мусар Қазақстанға ресми сапармен келді. Екі ел басшылары жоғары деңгейде келіссөз жүргізіп, саяси серіктестікті жаңа деңгейге шығаруға көпқырлы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға уағдаласты. Жүздесуде сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық мәселелер талқыға түсті. Сонымен қатар Словения Президентінің ресми сапары аясында іскерлік байланысты нығайту мақсатында Қазақстан – Словения бизнес-форумы өтеді.

Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның сапары Қазақстан – Словения серіктестігін тереңдетуге септігін тигізіп, кең мүмкіндіктерге жол ашатынын айтты.

– Словениямен тығыз ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Бұл – анық. Президент ретінде өзара мүддемізге сай келетін барлық саладағы байланысты нығайтуға күш-жігерімді саламын. Біз Словенияны Қазақстанның Балқан түбегіндегі негізгі және өте маңызды серіктестерінің бірі ретінде қарастырамыз. Сіздің елдің бизнес өкілдеріне және үкіметіңізге бірқатар ұтымды жоба ұсына аламыз, – делі Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Словенияның Қазақстан экономикасына салған тікелей инвестициясының көлемі 200 миллион долларға жуықтады. Еліміздегі фармацевтика, машина жасау, телекоммуникация және жаңартылатын энергия көздері салаларында Словения капиталының үлесі бар 19 компания кәсібін табысты жүргізіп келеді. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Словенияның көлік-логистика, цифрландыру және инновация, денсаулық сақтау, туризм бағыттарында өзара серіктестікті арттыруға әлеуеті зор.

Словения Президенті өзіне және делегациясына қоңақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ОҚУ-АҒАРТУ ОФШОР ЕМЕС...

Мемлекет басшысының тапсырмасын тыңғылықты орындау үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі білім беру саласындағы заңдылық қағидатын қамтамасыз етуге ерекше назар аударып отырғаны белгілі. Өкінішке қарай, бұл саладағы жемқорлыққа қатысты қылмыс саны азаймай отыр.

→ 3



## ҚҰСНИХАТ ШЕБЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Орталық Азиядағы ислам каллиграфиялық шеберлері Астанада бас қосты. Елордада алғаш рет «Құснихат: Орталық Азиядағы ислам каллиграфиясы» атты көрме ашылды.



→ 6

## МҰЗ ҮСТІНДЕГІ МИХАИЛ

АҚШ-тың Бостон қаласында мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Маусымның асыға күткен байрақты жарысы отандастарымыз үшін жемісті болды.



→ 8

## САЯСАТ

1 САУИР 2025 | СЕЙСЕНБІ



## ҚАЗАҚСТАН – СЛОВЕНИЯ: БЕРІК БАЙЛАНЫСҚА БЕТ БҰРДЫ

(Басы 1-бетте)

— Дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 33 жыл ішінде екі ел арасында бірде-бір шешілмеген мәселе болған емес. Мұның экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, өркендетуге мол мүмкіндік беретінін дұрыс атап өттіңіз. Сондықтан өзіміз бірге бизнес өкілдерінің үлкен делегациясын алып келдім. Олар қазақстандық әріптестермен бірге серіктестікті ілгерілетуге қатысты бағыттарды талқылап жатыр. Экономикалық ықпалдастығымыз артып келеді. Дегенмен бұдан да зор жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын. Президенттер мен саясаткерлер арасындағы байланыстар әрқашан болашаққа бағдарланады. Өйткені саясаткерлер бизнестің көкжиегін кеңейтеді, — деді Наташа Пирц-Мусар.

Сондай-ақ екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда өткізілген келіссөзде тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, денсаулық сақтау және туризм сияқты перспективті салалардағы ықпалдастықтың бірқатар мәселесін қарастырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наташа Пирц-Мусар бастаған делегацияға құрмет көрсетіп, Қазақстанның Еуропадағы уақыт сынынан өткен сенімді серіктесі Словениямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға бейіл екенін растады.

— Сіздің бұл сапарыңыз екі ел арасындағы өзара ынтымақтастыққа тың

серпін беру тұрғысынан өте маңызды. Жаңа ғана көптеген тақырыпты, оның ішінде халықаралық ахуалға байланысты кейбір нәзік мәселелерді талқылаған аса мазмұнды кездесу өткіздік. Біз екіжақты ықпалдастықты дамытуға ниетті екенімізді қуаттадық. Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастарға тың серпін беретін бағыттарды атап өтіп, Қазақстанда Словения бизнесіне қолайлы жағдай жасауға ниетті екенін жеткізді. Бұл үшін кәсіпкерлік қызметті реттеудің ашықтығын қамтамасыз ету, инвестицияны қорғау мен экономиканы әртарапандыру көзделіп отыр.

Мемлекет басшысы Астанада өтетін Қазақстан – Словения бизнес-форумына ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын екі елдің сауда-инвестициялық байланысын одан әрі кеңейтетініне тоқталды.

Наташа Пирц-Мусар Астанада қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Бұл сапар экономикалық ынтымақтастығымызды тереңдетуге септігін тигізеді деп ойлаймын. Аталған мақсатты екі ел де қолдайды. Бұдан да жоғары жетістіктерге жететінімізге сенімдімін. Оған біздің мол мүмкіндігіміз бар. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын артып келеді. Өзіңіз айтқандай, Словенияның Қазақстан экономикасына салған инвестициясының көлемі 200 миллион долларға жетті. Бірақ әлеуметіміз бұдан да зор. Осы себепті Астанаға менімен бірге Словенияның жетекші 25 компания-

сынан құралған үлкен бизнес-делегация келді. Мен бұған қуаныштымын, — деді Словения Президенті.

Мемлекет басшысы өзінің шақыруын қабыл алып, Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген Наташа Пирц-Мусарға ризашылығын білдірді. Президенттің айтуынша, Словения – Қазақстанның Еуропа одағындағы маңызды серіктесі әрі екі елдің қарым-қатынасы достық және өзара сыйластық рухында нығайып келеді. Оның айқын дәлелі – былтыр Люблина қаласында Қазақстан елшілігінің ашылуы.

— Мен мұны ықпалдастығымызды дамыту жолындағы маңызды қадам деп санаймын. Қазақстан екі ел арасындағы достықты одан әрі тереңдетуге мүдделі. Сондықтан бұл сапардың мән-маңызы айрықша. Біз бүгін құрметті Президент Пирц-Мусар ханыммен мазмұнды әрі жемісті келіссөз жүргіздік. Қазак-слова ынтымақтастығының аясын кеңейту жолын талқыладық. Нақты уағдаластарға қол жеткіздік. Бірлескен мәлімдеме қабылдадық. Сондай-ақ бүгін бірқатар үкіметаралық және мекемеаралық келісім жасалды. Соның ішінде денсаулық сақтау, туризм, білім беру салаларына қатысты маңызды құжаттар қар. Бұл келісімдерді тиімді іске асыру арқылы екі елдің ынтымақтастығын жандандыра түсеміз деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттер екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды арттыруға келісті. Қазір со мемлекет фармацевтика, жанартылатын энергия, инженерия, телекоммуникация бағыттарында маңызды жобаларды жү-

зеге асырып жатыр. Мемлекет басшысы елімізде осы салаларда 20-ға жуық словен компаниясы табысты жұмыс істеп жатқанына тоқталып, экономикалық байланыстардың ауқымын одан әрі кеңейтудің маңызын атап өтті.

— Тау-кен, жасыл энергетика, атом өнеркәсібі, цифрландыру және инновация, денсаулық сақтау, туризм салаларында тың жобаларды жүзеге асыруға келісті. Қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдалану үшін Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандырып, оның қызметін жана деңгейге көтеруге шақырдым. Екі ел бизнес өкілдерінің байланысын тереңдету — маңызды міндеттің бірі. Осыған орай, «Қазақстан – Словения» іскерлік кеңесін құру мәселесін талқыладық. Елімізге Словенияның ірі кәсіпкерлері де келді. Бұл іс-шара осы бағыттағы жұмысты күшейтуге ықпал етеді деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Жиында екі ел басшылары көлік-логистика саласындағы байланыс аясын кеңейту мәселесін талқылады. Атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасына Словенияның «Лука Копер» теңіз портын қатыстыру жөнінде ортақ пікірге келді. Өзара алыс-берістің көлемін арттыру үшін президенттер құзырлы органдарға нақты шаралар қабылдау туралы тапсырма берді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су ресурстарын басқару ісінде словен тарапының озық тәжірибесін зерделеу, бірлесу жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ықпалдастық жайында да пікір алмасты.

— Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы қарым-қатынасты жандандыруға мол мүмкіндік бар. Жалпы, Словенияның білім беру жүйесі дүниежүзінде озық жүйе ретінде мойындалған. Сондықтан біз екі ел университеттері арасында байланыс орнатуға мүдделіміз. Словенияның Йозеф Стефан институты Назарбаев университетімен байланыс орнатуға қызығушылық танытып отыр. Қазақстан Словенияның жоғары оқу орындарымен және зерттеу орталықтарымен ынтымақтастықты нығайтуға дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Тараптар халықаралық және аймақтық өзекті мәселелерді талқылап, ұстанымдарының ортақ екенін жеткізді.

— Қазіргі геосаяси жағдай өте күрделі. Президент Пирц-Мусар екеуіміз әлемдегі қақтығыстарды Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысы мен халықаралық құқық қағидаларына сай бейбіт жолмен шешу қажет екенін құптадық. Көпжақты құрылымдар аясындағы ықпалдастықты одан әрі күшейтуге мүдделі екенімізді растадық. Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығы ашу туралы бастаманы қолдаған Словения тарапына ризашылығымыз білдіреміз. Жалпы, бүгінгі келіссөздер жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Осы сапардың нәтижесінде қазақ-слова ықпалдастығы нығайып, жана деңгейге көтеріледі деп сенемін. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында біз ортақ мақсаттарға қол жеткіземіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Наташа Пирц-Мусар Словения тарапының барлық бағыт бойынша екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін мәлімдеді.

— Бүгінгі кездесулер, жалпы бұл сапар Словения мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың жана парағын ашады деп ойлаймын. Екі ел де өзара түсіністік пен құрметке негізделген халықаралық құқық, орнықты даму мен серіктестік қағидаларын қолдайды. Мен бұған ризамын. Келешекте де осы бағытта жұмыс істей беретінімізге сенімдімін, — деді Словения Президенті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша президенттер Бірлескен мәлімдеме қабылдап, ресми делегация мүшелері бірқатар құжатқа қол қойды.

Сондай-ақ Словения Президенті Наташа Пирц-Мусардың Қазақстанға ресми сапары аясында мемлекет басшылары бірлескен мәлімдеме жасады.

Президенттер туризм саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуді қолдап, бұл бағытта білім мен тәжірибе алмасуға, соның ішінде орнықты туризм, жасанды интеллект, цифрландыру және адам ресурстарын дамыту салаларындағы үздік тәжірибелерді қолдануға баса назар аударды.

Президенттер жоғары білім, ғылым және зерттеу салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге және бірлескен академиялық және ғылыми бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін зерделеуге уағдаласты.

Тараптар көрмелер, концерттер, фестивалдар мен фильм көрсетілімдерін ұйымдастыру арқылы мәдени ынтымақтастықты жандандыруға және екі халық арасындағы мәдени байланыстарды тереңдетуге ниет білдірді.

Словения Еуропа одағы мен Қазақстан арасындағы реадмиссия туралы келісім, сондай-ақ визалық жеңілдіктер туралы келісім бойынша келіссөздерді мүмкіндігінше ертерек бастауды қолдауға дайындығын білдірді.

Сонымен қатар мемлекеттер басшылары климаттың өзгеруіне бірлесіп қарсы тұру жолдарын іздеуге, әсіресе су ресурстарын басқару, шөлейттенумен күресу және табиғи апаттардың алдын алу шараларын күшейтуге келісті.

Екі президент әйелдердің құқығын ілгерілету және әлеуметтік-экономикалық секторлар мен шешім қабылдау үдерістерінде гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық күш-жігерді қолдайтындарын растады.

Президенттер осы ресми сапар барысында қол жеткізілген уағдаластықтар екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықтың дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Словения Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Президентінің жақын арада Люблинаға сапармен келуге шақырды. Бұл сапар екіжақты қатынастарды одан әрі нығайтуға және екі ел арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге мүмкіндік береді.

Дайындаған  
Кәмпила ДҮЙСЕН



## СЛОВЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Словения Президенті Наташа Пирц-Мусармен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар екі елдің ынтымақтастығына қатысты мәселелерді талқылады. Сондай-ақ парламентаралық байланысты нығайту барысы өңгімеге арқау болды.

Палата Спикері Словения Президентінің Қазақстанның Еуропа одағы сенімді және маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев парламентаралық деңгейде, оның ішінде халықаралық ұйымдар аясында өзара іс-қимылды одан әрі арттырудың маңызды екенін айтты.

«Бүгін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен нәтижелі және мазмұнды кездесу өткіздіңіздер. Білім беру, туризм, сауда-экономикалық қатынастар саласында бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Сенат қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді іске асыру үшін өз тарапынан қажетті жұмыстарды жүргізуге дайын. Екіжақты қарым-қатынасты дамыту жолында парламентаралық байланыстар да үлкен рөл атқарады. Біздің Парламенттің екі Палатасында да Словениямен достық топтары жұмыс істейді. Словения Парламентінде де осындай құрылым құру екіжақты өзара іс-қимылды тереңдетіп, өзара серіктестігімізді

арттыруға өз ықпалын тигізеді. Біз Словения Парламентімен ынтымақтастықты кеңейтуге және нығайтуға мүдделіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер де назардан тыс қалған жоқ. Бұдан басқа, іскерлік байланыстарды ілгерілетуге, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың келешегіне, сондай-ақ, орнықты дамуға, экологияға және экожүйелерді қорғауға баса мән берілді.

Сенат Спикері өз сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған реформаларды жүзеге асыру жолында палата атқарып келе жатқан заңнамалық жұмысқа да тоқталды. Оның ішінде елдің саяси жүйесін демократияландыру жөніндегі шаралар және адам құқықтары мен гендерлік теңдікті қорғау саласын нығайтуды көздейтін жана бастамалар бар.

Палата Төрағасы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің қызметіне де назар аударып, Словенияның дін қайраткерлерін 2025 жылғы 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» атты VIII съезге шақырды.

Өз кезегінде Словения Президенті Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерді жоғары бағалады және екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтуға практикалық тұрғыдан ықпал етуге дайын екенін жеткізді.

## ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Депутаттар ядролық қауіпсіздік саласындағы жаңа заң жобасын қарайтын болады. Оның тұжырымдамасын Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған делегация Алматыдағы Ядролық физика институтының ғалымдарымен бірге талқылады.



Қазақстанда радиоактив қалдықтарды игеру жөніндегі жаңа заң жобасы әзірленеді. Оның аясында ядролық қауіпсіздік саласына қатысты бірқатар түзетпе енгізу қарастырылған. Осыған байланысты Мәжіліс депутаттары Алматыдағы Ядролық физика институтына барып, бейбіт атомды пайдалану бойынша отандық жобалармен танысып, заң жобасын әзірлеу тәсілдерін ғалымдармен бірге талқылады.

Ерлан Қошановтың айтуынша, жаңа заңнамалық нормалар елде АЭС салу және атом саласын дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасауды көздейді. Бұл ретте МАГАТЭ-нің халықаралық талаптары ескерілетін болады.

Мәжіліс Спикері бүкілхалықтық референдумда Қазақстан халқы атом электр стансасын салу туралы тарихи шешімді басым дауыспен қолдағанын еске салды. Бүгінде бұл бүкіл елді біріктіретін ұлттық идеяға айналды.

— АЭС бойынша референдум кезінде халықты ең алдымен стансаның қауіпсіздігі алаңдатты. Сондықтан бұл саланы ең озық халықаралық

стандарттарға сәйкес заңнамалық тұрғыдан реттеу қажеттілігі туындады. Депутаттар түзетулер әзірледі. Олар Мәжілісте ашық талқылаудан өтіп, қоғамның және барлық мүдделі тараптардың пікірлері ескерілді. Жаңа заң жобасы қоғамдағы барлық фобияны сейілтп, қазақстандықтардың сураныстарына жауап беруге тиіс, — деді Мәжіліс Спикері.

Институт қызметкерлерімен өңгіме барысында АЭС үшін кадр даярлау, ядролық қалдықтарды қайта өңдеу, ядролық индустрия өнімдеріне жаңа стандарттар енгізу және атом саласының ел экономикасына толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау бойынша бірқатар ұсыныс айтылды. Бұл ретте үздік шетелдік тәжірибелер ескерілді.

Жуырда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Президент энергетиканы дамытуды жан-жақты, кешенді түрде және ұзақмерзімді перспектива тұрғысынан қарастыру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы үш бірдей атом электр стансасын салу қажеттігін айтты. Олар Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін ондаған

жылдарға қамтамасыз ететін жана ядролық кластердің негізіне айналуға тиіс, — деді Мәжіліс Спикері.

Депутаттар болашақ АЭС-тің шағын көшірмесі саналатын ВВР-К зерттеу реакторымен танысты. Ядролық физика институтының бас директоры, физика-математика ғылымының докторы, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Саябек Сахиев институтта жоғары білімді мамандарды тәжірибелік тұрғыда даярлауға арналған база бар екенін атап өтті. Институт құрамында 23 ғылыми-зерттеу зертханасы және 3 ғылыми-техникалық орталық заманауи сараптамалық жабдықтармен және сынақ жабдықтарымен жабдықталған. Бүгінде онда 700-ге жуық адам жұмыс істейді. Сонымен қатар МАГАТЭ мен АҚШ Энергетика министрлігінің қолдауымен үш оқу орталығы жұмыс істейді. Олар: радиациялық қауіпсіздік орталығы, бұзбай бақылау әдістері орталығы, ядролық және физикалық қауіпсіздік орталығы. Бұл орталықтар Қазақстанның атом саласына 4 500-ден астам маман даярлады. Зерттеу реакторында нейтрондық физика, қатты дененің радиациялық физикасы салаларында ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Ядролық физика институты қызметкерлерімен кездесуде Ерлан Қошанов бұл ғылыми мекемені АЭС құрылысы жобасын жүзеге асырудағы ерекше рөлін атап өтті. Ол институттың МАГАТЭ-нің үздік әлемдік стандарттарына сай елімізде бейбіт атоммен жұмыс істеуге тәжірибесі де, біліктілігі де жеткілікті екенін айқындап берді. Бүгінде онда 700-ге жуық адам жұмыс істейді. Сонымен қатар АЭС құрылысындағы болашақ мамандар даярлайтын ғылыми база және кадрлар ұстаханасы екеніне назар аударды.

Сондай-ақ сапар барысында депутаттар радиофармпрепараттар өндірісі кешенімен танысты. Онда Қазақстандағы жалғыз Cyclone-30 кондырғысы жұмыс істейді. Кешен медициналық және өнеркәсіптік мақсаттағы кен ауқымды радиоизотоптар өндіреді. Олар жүрек және қатерлі іскін ауруларын диагностикалау үшін қолданылады, сондай-ақ Германия, АҚШ, Франция және Ресейге экспортталады.



## ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Астана қаласында Инклюзивті спорт орталығының құрылысы басталды. Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, спорт орталығының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Мәулен Әшімбаев елордада аталған спорт орталығын салу әділетті мемлекет құру жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті. Мемлекет басшысы елімізде инклюзивті қоғам қалыптастыруға және мүгедектігі бар азаматтарға тең мүмкіндіктер беретін жағдай жасауға үлкен көңіл бөліп келеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әрбір азаматтың дамуына және өз әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасалған әділетті қоғам құрудың маңызды екенін үнемі айтып келеді. Жаңа Инклюзивті спорт орталығы мүгедектігі бар спортшылардың алаңсыз жаттығу жасауына, халықаралық жарыстарға дайындалуына және

жаңа биіктерді бағындыруына жол ашатын орынға айналады деп сенеміз. Мұнда бочча, баскетбол, арбамен ойнайтын футбол, голбол, отырып ойнайтын волейбол және тағы басқа спорт түрлеріне арналған залдар болады. Бұл қадам спортшыларымызға халықаралық жарыстарға жоғары деңгейде дайындалуға мүмкіндік береді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы мұндай орталықты салу тек спорттағы жетістіктерге ғана ықпал етіп қоймай, әр азаматтың өмірден өз орнын табуына, көппен араласып, қарым-қатынас жасауына және бір-бірін қолдауға берілетін зор мүмкіндік екенін айтты.

Мұның бәрі — мүгедектігі бар балаларды үлкен өмірге бейімдеудің және қоғамда дұрыс құндылықтар жүйесін дәріптеудің тиімді тетігі.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев жобаны іске асыруға ұйытқы болған Астана қаласының әкімдігіне және инклюзивті спортты дамытуға, параспортшыларға жағдай жасауға атсалысып жүрген белсенді азаматтарға алғыс білдірді.

Салтанатты рәсімге Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек, Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, параспорт федерацияларының басшылары мен мүшелері және тағы басқа мүдделі тараптар қатысты.

## ОҚУ-АҒАРТУ ОФШОР ЕМЕС...

Мемлекет басшысының тапсырмасын тыңғылықты орындау үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі білім беру саласындағы заңдылық қағидатын қамтамасыз етуге ерекше назар аударып отырғаны белгілі. Өкінішке қарай, бұл саладағы жемқорлыққа қатысты қылмыс саны азаймай отыр.



### Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ, Жетісу облысы

Жалпы, оқу-ағартуға бөлінген қаржыға қол салған жемқорлық қылмысын әшкерелеу фактілері бойынша аймақтар арасында Жетісу облысы да алдыңғы орында тұр деуге болады. Жалпы, кейінгі үш жылда бұл өңірдің білім саласының басынан дау арылмады деуге негіз бар.

Мысалы, жақында Талдықорған қалалық соты «Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас бухгалтері К.Құрманғалиеваға, сол бөлімнің бухгалтерлері А.Мұратова мен А.Қалабаеваға, «Қазпошта» АҚ аудандық учаскесінің бастығы А.Такенге, «Айдана» бөбекжай-бақшасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Н.Балғабаеваға және Жетісу облысы ІМАБ камералдық бақылау бөлімінің басшысы У.Жапабаеваға қатысты үкім шығарды. Сотта анықталғандай, Құрманғалиева, Қалабаева, Мұратова және Такен білім бөлімі қызметкерлерінің шоттарына белгіленген жалақыдан артық аудару жолымен 1,6 млрд теңге сомасында бюджет қаражатын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылды. Ал Балғабаева, Қалабаева балабақшада аудит жүргізеу сылтауымен олардың ақшалай қаражатын иемденген Жапабаева пара беруге оқталғаны үшін сотталды. Шешім бойынша Құрманғалиеваға 8 жылға, Қалабаева, Мұратова және Такенге 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ал Балғабаева мен

Жапабаева тиісінше 1,2 млн теңге және 1 млн теңге айыппұл салынды. Сонымен қатар сотталғандар мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қызмет атқару құқығынан өмір бойы айырылды.

Жалпы, Жетісудағы сыбайлас жемқорлық дауының тамыры тым өріле жатыр деуге болады. Пандемия кезеңінде оқушылардың қашықтан білім алуына қажетті техникалық жабдықтарды сатып алу барысында өрескел заң бұзу оқиғасы болып, сол кездегі облыстық Білім басқармасының басшысы бастаған бір топ шенеунік ұсталған. Қылмыстық істі құрықтау операциясын Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура және жемқорлыққа қарсы қызметтің бірлескен тобы жүзеге асырған болатын. Ол іс бойынша облыстық Білім басқармасының экс-басшысы Майгүл Омарова, осы басқарманың мемлекеттік сатып алу бөлімінің экс-бас маманы Бақыт Қабдолданова және аймақтық білім саласындағы жаңа технологиялар ғылыми-практикалық орталығының директоры Арапби Менлібаев қамауға алынған. Сондай-ақ бюджет қаржысын игеру кезінде заңсыздыққа жол беріп, пара бергені үшін бірнеше жеке кәсіпкердің күлікке ілінгені туралы айтылған-ды. Аса ірі көлемде пара алды деп айыпталғандар қазір сот шешімімен жазасын өтеп жатыр. Бұл топ облыстық бюджет қаржысына компьютерлік техника сатып алу кезінде жеке кәсіпкермен ауыз жаласып, 37 650 000 теңге қаржыны қолма-қол ақшаға айналдырып, жұмсап үлгерген екен.

Ал 2023 жылдың көктемінде Талдықорған қаласы білім бөлімі бас есепшісінің бюджет қаржысын ұрлауына қатысты ақпарат тарап, жұрт жағасын ұстаған. Бұл жолы білім саласының лауазымды қызметкері 1 млрд теңгеге жуық бюджет қаржысын ұрлағаны анықталған. Сондай-ақ Талдықорған қаласы білім бөлімі басшысы қол астындағы қызметкерінің қылмысына көз жұма қарағаны үшін 280 млн теңге көлемінде пара алғаны да әшкереленген еді. Кейіннен дәл осы Талдықорған қаласының білім бөліміне қарасты мектептердегі бюджет қаржысының игерілуіне қатысты дау тіпті тереңдеп, тағы да бірқатар заңбұзушылықтар анықталған болатын. Яғни, Сыбайлас жемқорлыққа қатысты күрес департаментінің қызметкерлері кейінгі 3-4 жыл аралығында ғана қала мектептерінде барлығы 4,6 млрд теңгенің қолды болғанын дәлелдеді. Құзырлы орган облыс орталығындағы 29 мектепті тексеріп, нәтижесінде 25 білім ошағынан өрескел заң бұзу фактілерін анықтаған. Күдікті тұлғалар 2020 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде білім беру саласында шын мәнінде жұмыс істемейтін тұлғаларға жалақы төлеу және мектеп қызметкерлерінің жалақысын көтеру арқылы 4,6 млрд теңге сомасына қаржы жымқыру қылмысын жасаған.

Айтпақшы, соңғы үш жылдың жүзінде Жетісу облысының Білім басқармасының басшысы екі рет ауысып үлгерген. Жақында екі жылға жуық облыстың бас ұстазы болған Марат Сүлейменов қызметінен кетті.

## «БАБАМНЫҢ ТӨРІ – БАЙТАҒЫМ»

«AMANAT» партиясының қолдауымен Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында Бекет ата Мырзағұлұлының 275 жылдығына орай «Бабамның төрі – Байтағым» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Аламан айтысты Жаңаөзен қаласының әкімдігі ұйымдастырды.



Өнер додасына Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев, «AMANAT» партиясы Орталық аппараты Саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев, Жаңаөзен қаласының әкімі Жансейіт Қайнарбаев, «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев және қала тұрғындары қатысты.

Айтыста Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Жетісу, Ұлытау, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарынан келген 12 ақын бақ сынады. Дүбірлі доданы Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай тізгіндеді. Ол өз сөзінде жыр додасының мәні мен маңызына тоқталды.

«Тамырлы тарихымызда өшпес із қалдырған, әулиеліктің шыңына жеткен, Хиуада ілім алып, ғұламаларға шәкірт болып, ата дініміздің айқын бағытын белгілеп берген Ұлы дала әулиелерінің бірі де бірегейі — Бекет ата. Түркістанда — Қожа Ахмет, Маңғыстауда — ер Бекет, Баянтауда — Машекен. Осы әулиелеріміз ел дамуына өлшеусіз үлес қосты. Бүгін дүбірлі долада ақындар Бекет атаның болмысын, ата тарихымызда алар орнын, әулиелік сипатын жан-жақты ашып, жырлайды», — деді Аманжол Әлтай.

Сөз сайысында ақындар Бекет ата, Қашаған, Сүгір жырау, Досан, Шотан батыр сынды маңғаз өлкенің тұғырлы тұлғаларын жырға қосты. Сонымен қатар олар ұлттық құндылықтарды ұлықтау, ел мүддесін қорғау, білім-ғылымға жол ашу, туған жерді түлету ісіне өлшеусіз үлес қосқан ардақты адамдардың ізгі амалын жырға арқау етті.

Ақындар айтысына Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман бастаған, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжанов, белгілі ақындар Қалқаман Сарин мен Мәлс Қосымбаев қостаған қазылар құрамы баға берді.

Өнер додасында сөз алған Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев төл өнерімізді төрге оздырған ақындарға алғысын білдірді.

«Айтыс — дала демократиясының дара шыңы. Ол ғасырмен қанаттасып, дәуірмен үндесіп, заманмен тілдесіп бүгінге жетті. Осы орайда ұрпаққа ұран болған пір Бекеттің 275 жылдығы аясында өткізіліп отырған республикалық айтыста субелі сөзімен, орамды ойымен көзқаракты көрерменнің шынайы ықыласына бөленген барша ақынға айрықша алғыс айтамын. Игі іске мұрындық болған барша азаматқа ризашылығымызды білдіреміз», — деді Тілеген Әбішев.

Айтыс қорытындысы бойынша, бас жүлдені Абай Жолмағамбетов (Маңғыстау облысы) иеленсе, 1-орынды Мейірбек Сұлтанхан (Қызылорда облысы) жеңіп алды. Ал 2-орынды Дидар Қами (Қарағанды облысы) лайық деп танылды. Жүлделі 3-орынды Марат Ахметов (Ақтөбе облысы) пен Арғынбек Қалбаев (Маңғыстау облысы) өзара бөлісті.

Сондай-ақ Өміржан Көпбосын (Астана қаласы) мен Азулым Дюсекеповаға (Алматы облысы) арнайы жүлде табысталды. Өзге де қатысушыларға сый-сияпаттар жасалды.

Елнар ЕЛТАЙ

## СУ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ



Сергеев су қоймасындағы су деңгейі біртіндеп төмендеп келеді.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатында «AMANAT» партиясы депутаты фракциясының отырысы өтті. Күн тәртібінде су тасқынына қарсы жүргізіліп жатқан шаралар, міндетті медициналық сақтандыру мәселелері қаралды. Сондай-ақ партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының осы жылға жоспарланған тармақтары талқыланды.

Су тасқынына қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы СКО ТЖД төтенше

жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы, Әсет Шайқин баяндалды. Ол фракция мүшелерін су тасқынына қарсы күреске тартылған күштер мен құралдардың саны, бөгеттерді нығайту бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы хабарлар етті. Облыстық ТЖД мәліметінше, Сергеев су қоймасындағы су деңгейі біртіндеп төмендеп келеді.

Сонымен қатар фракция жетекшісі депутаттардың партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының бекітілген тармақтарын жеке бақылауын қамтамасыз етудің маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтті. Отырыс қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар әзірленді.

1 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Елімізде бала құқығын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заң қабылданып, кешенді шаралар мен бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен балалар арасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттік, суицид секілді кеселдің статистикасы кемімей тұр. Мамандардың айтуынша, мәселенің ушығуының бір себебі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық, яғни психикадағы бұзылыс және жан дүниесіндегі бұлқыныс. Ал жанның сау, сананың сергек болуы үшін әуелі сауатты психологтың көмегі ауадай қажет. Бірақ көбіміз психиатрия, психология және психотерапия дегеннің не екенін біле бермейміз. Жалпы, бұл ауқымды тақырып болғандықтан, біз «Алаңда» өскелең ұрпақтың жан саулығы мен сана сергектігіне қатысты сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

#### ПСИХОЛОГИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ ЕМЕС

— Алдымен психика мен психологияның айырмашылығы және аутоагрессивті мінез-құлық, психологиялық денсаулық мәселелері туралы білсек...



**Алтынай ЕСҚАЛИЕВА,**  
Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры:

— 2021–2025 жылдарға арналған «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде жүргізілген зерттеудің кейбір нәтижелеріне сәйкес елімізде мінез-құлық психикалық бұзылған (ауытқуы бар) 204 408 адам бар болса, оның 44 781-і — кәмелет жасына толмаған балалар мен жасөспірімдер. Яғни, бұл еліміз бойынша психиатр-дәрігердің динамикалық байқауында тұратын психикалық бұзылушылық диагнозы бар адамдардың санын көрсетеді. Егер психологиялық бұзылушылықтар туралы айтатын болсақ, онда олар психикалық ауру диагнозы жоқ, бірақ белгілі бір өмірлік оқиғалардан туындаған рухани ыңғайсыздық жай-күйі бар адамдарда пайда болады.

ДДҰ-ның анықтамасына сүйенсек, психикалық денсаулық кез келген әлеуметтік қызметке әсер етеді. Психикалық денсаулық — бұл адамдарға өмірдегі стрессік жағдайларды жеңуге, өз әлеуетін іске асыруға, табысты оқуға, жұмыс істеуге және қоғамға үлес қосуға мүмкіндік беретін психикалық әл-ауқаттың жай-күйі.

**Әлия МӘМБЕТАЛИНА,**  
психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ЕҰУ-нің психология кафедрасының меңгерушісі:



— Психика — бұл мидың объективті шындықты бейнелеу қасиеті, оның мақсаты — психикалық бейненің қалыптасуы, ол субъектінің қызметі мен мінез-құлқын реттейді. Психология туралы айтатын болсақ, ол мидың функциясы ретінде психологиялық дамудың заңдылықтарын, механизмдерін және факторларын зерттейді. Қоғамдағы көптеген проблемалар адамдарды әртүрлі психикалық денсаулық бұзылуларына әкеледі.

Қазіргі уақытта мен Бостон балалар ауруханасының психиатрия департаментінде ғылыми тәжірибеден өтіп жатырмын, ол Гарвард медициналық мектебіне тиесілі. Мұнда байқағанымыз, пациенттер арасында мазасыздық, депрессия, суицидальды әрекеттер, назар тапшылығы мен гиперактивтілік синдромы, аутизм, посттравматикалық стрессік бұзылыс, аутизм секілді диагнозбен тіркелгендер көп кездеседі. Бұл диагноздар біздің балалар арасында да көп кездесетін ұқсас проблема деп ойлаймын. Сондықтан аутоагрессивті және суицидальды мінез-құлық бойынша арнайы зерттеу жүргізіп, әлеуметтік желілердің мазмұнын сараптау барысында жасөспірімдердің жан дүниесін айран-асыр қылып, санасын сергелденге салатын ақпараттың көптігіне, салдарынан өз-өзіне зияны тиетін күйзеліс пен ауытқушылықтың артқанына куә болдым.



**Сымбат АБДРАХМАНОВА,**  
Назарбаев университетінің психологы:

— Иә, бұл өте маңызды сұрақ. Жалпы, «психика» және «психология» терминдері жиі шатастырылады, бірақ олардың мағынасы әртүрлі. Психика — бұл адамның ішкі дүниесі, ойлау, сезіну, қабылдау, есте сақтау және мінез-құлықты реттеу қабілеті. Ол біздің қоршаған ортаға бейімделуімізге, ақпаратты өңдеуге және өмірлік жағдайларға жауап беруге мүмкіндік береді. Психика — адамға ғана емес, жануарларға да тән биологиялық құбылыс.



## САНА ТІЗГІНІ:

# ӘЛЕМІНДІ ТАНАУДЫҢ ӘЛЕГІ

Ал психология — бұл психиканы зерттейтін ғылым. Яғни, психология адамның эмоцияларын, ойлау процесін, мінез-құлқын, тұлғалық ерекшеліктерін және қоғаммен қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми сала. Психология психиканың қалыптасуы және патологиялық ерекшеліктерін зерттейді, сонымен қатар адамның күйзеліс жағдайларынан шығуына көмектесетін әдістерді дамытады.

Аутоагрессивті мінез-құлық — адамның өзіне зиян келтіруі немесе өз өміріне қауіп төндіруі. Бұл құбылыс түрлі формада көрінеді: өз-өзін жарақаттау, тамақты әдейі шектен тыс тұтыну немесе бас тарту (анорексия, булимия), тәуекелге бел буу, тіпті суицидке бейімдік. Мұндай мінез-құлықтың себептері әртүрлі. Балалар мен жасөспірімдер арасында аутоагрессияның көбеюі қазіргі қоғамның әлеуметтік қысымымен, жоғары талаптармен, интернет пен әлеуметтік желілердің әсерімен байланысты болуы мүмкін.

Психологиялық денсаулық — жалпы адамның өмір сапасына тікелей әсер ететін фактор. Ең бастысы — психикалық денсаулық туралы ақпаратты тарту және осы тақырып төңірегіндегі стигманы жою. Әрбір адам психологиялық көмек сұрауға құқылы және бұл — қалыпты жағдай.

#### ӘЛЕМДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ДЕГЕН ҰҒЫМ ЖОҚ

— Психологиялық денсаулық мәселесінің әлеуметтік проблемаға айналуының себебі неде? Кейбір сарапшы мамандар елімізде психолог маман дайындау жүйесін өзгерту керек дейді. Неге?...

**Алтынай ЕСҚАЛИЕВА:**

— Психикалық бұзылушылықтардың (аурулардың) даму себептері әртүрлі және сыртқы факторларға тікелей байланысты емес «эндогендік» және қандай да бір қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен туындайтын экзогендік болып бөлінеді. Эндогендік бұзылушылықтар әдетте созылмалы сипатқа ие, ал экзогендік бұзылушылықтар уақытша сипатқа ие, бірақ тиісті емделусіз процестің созылмалы болуына әкелуі мүмкін. Психиатр-дәрігердің байқауында тұрған балалардың жалпы санының негізгі бөлігін эндогендік бұзылушылықтары бар балалар құрайды, бұл динамикалық байқауды белгілеу өлшемшарттарына негізделген. «Динамикалық байқау ауыр, тұрақты, жиі анықталатын ауыр көріністері бар созылмалы немесе ұзаққа созылған бұзылушылықтан зардап шегетін адамға белгіленуі мүмкін» («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 176-бабының 2-тармағы).

Алдын алу шаралары туралы айтар болсақ, қазіргі уақытта әзірленіп жатқан «Психологиялық көмек туралы» заң психологиялық көмек көрсету саласында мемлекеттік саясатты және мемлекеттік реттеуді қалыптастыру және қамтамасыз ету, психологиялық қызметтердің жұмыс істеу ережелерін айқындау, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың психологиялық көмек көрсету саласындағы өкілеттіктерін бекіту, жалпы үйлестіруді қамтамасыз ететін уәкілетті органды айқындау және Вектораралық үйлестіру кеңесін құру секілді негізгі міндеттерді қамтуы керек деген ұсынысымыз бар. Бұл міндеттерді іске асыру психологиялық көмек көрсету сапасын, оның ішінде мамандарды (психологтарды) даярлау мен біліктілікке қойылатын талаптарды біріздендіру жолымен арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заң қабылданғаннан кейін психологиялық қызметтері бар ведомстволық бұйрықтарды (денсаулық сақтау, білім беру, қарулы күштер және т.б.) әзірлеу және енгізу қажет болады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік ұйымдарда, атап айтқанда денсаулық сақтауда психолог мамандарға қойылатын біліктілік талаптары және олардың функционалды міндеттері нақты регламенттелген. Бірақ ғылыми-дәлелді негізі бар диагностика мен түзетудің жана әдістерін бейімдеу және енгізу қажет болады.

**Әлия МӘМБЕТАЛИНА:**

— Психологияны жан туралы ғылым ретінде анықтау — бұл тарихқа дейінгі анықтама, ол Аристотельдің «Жан туралы» трактатымен байланысты. Сондықтан біз көбінесе психиканың бұзылуының мәнін немесе

халық арасында айтылатындай, жанның бұзылуының себебін қарастырамыз. Себептер көп болуы мүмкін, бірінші кезекте, тұқымқуалаушылық факторы, екінші — орта мен қоршаған ортаның жеке тұлғаға қысым көрсетуі, үшінші, мидың органикалық зақымдануы және психиканың бұзылуына әкелетін көптеген факторлар бар.

Иә, кейбір сарапшылардың даярлық сапасы туралы айтқан пікірлерімен келісуге болады, бірақ барлық сарапшылар шынымен сарапшы емес екенін ұмытпаныңдар. Сарапшылар өздері туралы өте жоғары пікірде және мақтанышпен айтады. Мысалы, 30 жыл бойы осы салада жұмыс істеп, психолог мамандығы бойынша білім алып, білім беру мен салада жұмыс істеп, қауымдастырылған профессор атанып, мен, бәлкім, алғаш рет өз салам бойынша сараптамалық қорытынды ұсынып отырмын.

Дегенмен елдегі психологтар даярлау жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы көптен бері айтып жүрмін. «Білім саласында психолог» атты жана білім беру бағдарламасын енгізу, мектеп психологтарын даярлау туралы бұрын да өз ұсынысымды жасағаным. Өйткені әлемнің ешбір елінде педагог-психолог мамандығы жоқ, тек ТМД елдерінде ғана кездеседі. Біздің көршілеріміз, өзбек психологтары үш жыл бұрын педагог-психолог мамандығын жойып, практикалық психологтарды даярлау бағдарламасын енгізді. Психологты оның маңызды құзыреттерімен психолог дайындау керек, зангерді — зангер, дәрігерді — дәрігер дегендей...

Сондай-ақ елімізде нақты мамандардың жетіспеушілігі бар. Қазір бізде жеке жоғары оқу орындары әлсіз материалдық-техникалық базамен болса да жыл сайын әр курсқа 200 студент қабылдап, педагог-

дық. Сондықтан елімізде кәсіби білім мен үздіксіз даму, студенттерді нақты жұмысқа бейімдеп, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беру, супервизия, интернатура, клиникалық практика жүйесін күшейту маңызды. Сонымен қатар этикалық нормалар мен жауапкершілік — психолог наукастың құпиялылығын сақтай білуі және кәсіби этиканы қатаң ұстануға тиіс. Эмпатия мен эмоционалды тұрақтылық — психолог басқа адамның жағдайын түсініп қана қоймай, оны дұрыс бағытқа жетелеуі керек. Бірақ сонымен қатар өзінің эмоционалды шекарасын сақтай білуі де маңызды. Жүйелі ойлау қабілеті — клиенттің жағдайын тек бір қырынан қарамай, оның өмірлік контексті ескере отырып талдау жасай білу. Сондықтан елімізде психологиялық білім беру жүйесін реформалау қажет. Клиникалық және қолданбалы психологияға көбірек көңіл бөліп, мамандарды тәжірибеге негізделген әдістермен оқыту маңызды. Сонда ғана бізде шынымен сапалы мамандар қалыптасады.

#### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ КЕІПІЛІ — САПАЛЫ ӨМІР

— Сіздіңше, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және баланың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қарастырылуы керек?

**Алтынай ЕСҚАЛИЕВА:**

— Қазіргі күні психологиялық қызмет туралы заң қабылданғаны жатыр. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын, мінез-құлық әдеттерін, физикалық және психологиялық әл-ауқатын мониторингтеу жүйесін енгізу мәселесі жоспарда тұр. Менің ойымша, бұл жүйені енгізу болашақтың еншісінде. Денсаулық сақтау жүйесінде денсаулықтың жай-күйін бағалау мақсатында

әртүрлі жас топтары үшін әртүрлі скринингтер жүргізіледі. Психологиялық әл-ауқатты бағалау ведомстваралық деңгейде жүргізілуі керек, өйткені психологиялық әл-ауқат мәселелерін шешу, өмір сүру сапасын жақсарту, балалар мен жасөспірімдерді әртүрлі сауықтыру секцияларына тарту және басқа да мәселелерді шешуге байланысты екенін ескеруіміз керек.

**Әлия МӘМБЕТАЛИНА:**

— Бала құқығын қорғау, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және олардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ету — бұл жүйелі көзқарасты талап ететін кешенді міндеттер, яғни білім беру, психологиялық қолдау, құқықтық қорғау және әлеуметтік қолдауды қамтитын біріктірілген тәсіл. Бұл шаралар балалар арасындағы қылмыс қаупін азайтуға және әрбір қазақстандық баланың дамуы үшін сау және қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мақсаттарға жету үшін қандай шаралар қажет десек, алдымен бұл — білім беру және тәрбие. Сосын психологиялық және әлеуметтік қолдау мен қорғау, заңнамалық және саяси шараларды жетілдіру, ҰЕҰ және халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу, халықаралық халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді пайдалану, тәжірибе алмасу секілді нақты бағдарланған жүйе қажет.

**Сымбат АБДРАХМАНОВА:**

— Бұл өте маңызды және кешенді тәсілді талап ететін мәселе. Баланың құқығын қорғау, оның психологиялық саулығын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзылушылықтың алдын алу — бір-бірімен тығыз байланысты факторлар. Атап айттар болсақ, бала құқығын қорғау үшін — кез келген баланың

**Психикалық денсаулық – бұл адамдарға өмірдегі стрессік жағдайларды жеңуге, өз әлеуетін іске асыруға, табысты оқуға, жұмыс істеуге және қоғамға үлес қосуға мүмкіндік беретін психикалық әл-ауқаттың жай-күйі.**

психологтарды дайындап жатыр, ал Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жоғары рейтингті әлемдік университеттердің тәжірибесін зерттей отырып ашқан үш зертхана жұмыс істеп тұр және «Психология» білім беру бағдарламасына ҰБТ бойынша 100 балдық көрсеткішпен талапкерлерді қабылдап, мамандар дайындайды.

**Сымбат АБДРАХМАНОВА:**

— Адам психологиясының, әсіресе жасөспірім психологиясының бұзылуы — бұл күрделі және көпфакторлы процесс. Оған биологиялық, әлеуметтік, психологиялық және генетикалық себептер әсер етеді. Қазақстанда кейбір адамдар психикалық денсаулық мәселелерін мойындауға қорққа немесе ұялады. Бұл да мәселені ушықтыратын факторлардың бірі. Қазіргі таңда елімізде психологиялық қызметке деген сұраныс жоғары болғанымен, сапалы маман тапшылығы байқалады. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, оқу бағдарламаларының жеткіліксіздігі, теориялық білімге көп мән беріледі де, практика аз. Салдарынан, көптеген түлектер нақты психотерапиялық әдістерді білмейді және оларды қолдану тәжірибесі жоқ. Екіншіден, мамандыққа бейімдеу мәселесі. Кейбір мамандар психологияны гуманитарлық ғылым ретінде ғана оқиды, бірақ оларда клиникалық немесе қолданбалы психология тәжірибесі жоқ. Біліктілікті арттыру курстары жетіспейді. Қазақстанда кәсіби қайта даярлау, супервизия жүйесі толық дамымаған. Психолог мамандар біліктілігін жетілдіру үшін көбінесе шетелдік тренингтерге жүгінеді. Үшіншіден, қоғамдағы көзқарас, көптеген ата-аналар, мұғалімдер немесе мемлекеттік қызметкерлер психологтың рөлін дұрыс түсінбейді. «Психолог — тек кеңес беруші» деген қате пікір қалыптасқан.

Қазір, әсіресе балалар мен жасөспірімдер психологиясы, психотерапия, клиникалық психология саласында білікті мамандар жетіспейді. Сапалы психолог маманға қойылатын талаптар өте жоғары болуы керек, себебі ол — адам тағдырына тікелей әсер ететін маман-

қауіпсіз ортада, психологиялық қолдау алып, өз құқықтарын білетіндей өсуі маңызды. Қазіргі қоғамда балалар көбіне жұмыстық зорлық-зомбылыққа, буллингке және әлеуметтік әділетсіздікке ұшырайды. Сондықтан балалар құқықтық сауаттылығын арттыру қажет. Бұл бағытта мектептерде құқықтық білім беру курстарын енгізген дұрыс. Ата-аналарды, мұғалімдерді және тәрбиешілерді балаларға қалай дұрыс қолдау көрсетіп, зорлық-зомбылықтың алдын алу керектігін үйрететін тренингтер ұйымдастырылуы... Әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғау органдарында, егер бала қауіп-қатерге ұшыраса, оған шұғыл түрде психологиялық және құқықтық көмек көрсету жүйесі қалыптасуы тиіс. Ал жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу үшін олардың отбасына жағдайын, психологиялық мәселелерін және қоршаған ортасын зерттеу керек және отбасымен жұмыс істеу керек.

Мектептегі психологиялық қызметті күшейту қажет. Психологтар тек проблемалар туындағанда емес, алдын алу жұмыстарына да көп көңіл бөлуі тиіс. Баланың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету үшін эмоциялық интеллект пен психологиялық тұрақтылықты дамыту бойынша мектеп бағдарламасына арнайы курстар енгізілуі қажет. Әрбір мектепте буллингпен күрес стратегиясы болуы тиіс. Сонымен қатар жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсететін орталықтар мен сенім телефондарының жұмысын жақсарту қажет. Көптеген балалар өз мәселелерін ата-анасына немесе мұғалімдеріне ашық айта алмайды, сондықтан олар үшін қолжетімді анонимді көмек арналары болғаны дұрыс. Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді, жүйелі тәсіл қажет. Балалардың құқықтарын қорғау, олардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету тек психологтар мен мұғалімдердің ғана міндеті емес. Бұл — мемлекет, қоғам, ата-аналар және сарапшылар бірлесіп шешетін күрделі мәселе.

Дайындаған  
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

## МІНБЕР

1 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ



Биыл еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің құрылғанына – 97 жыл. Үш жылдан кейін қара шаңырақ өзінің ғасыр жасын тойлайды. Бұл тек университет ұжымы үшін ғана емес, қазақ жоғары білімі үшін айтулы оқиға болмақ. Таяуда біз университет ректоры Болат Анапияұлымен білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар, студенттерді еңбек нарығына бейімдеу, сондай-ақ кейінгі кездері өзекті тақырыпқа айналған университеттің инфрақұрылымы турасында сүбелі сұхбат құрдық. Болат Анапияұлы әлі күнге дейін инфрақұрылымға қатысты түйіні тарқамаған бірқатар мәселелердің барын алға тартып, кемшін тұстарды жақсартуға бағытталған жоспарларын бөлісті.

**– Болат Анапияұлы, ғасырға жуық тарих бар еліміздегі тұңғыш жоғары білім беру ошағы бүгінге дейін талай мықтыны ұсына отырып, жылдар бойы қоғамның барлық саласы үшін білікті кадрлар даярлау жолында қызмет етіп келеді. Қазіргі уақытта тамыры терең университеттің білім беру жүйесінде неідей жаңашылдықтар бар?**

– Иә, Абай атындағы ҚазҰПУ – жүзжылдық тарихы бар қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы саналады. Университет негізін қалаған азаматтар – тарихта ізін салған ірі тұлғалар. Ұлт мақтаныштары Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Лияс Кабылов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов, Әлімхан Ермеков институт қабырғасында дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етті. Міне, осындай әлеуетпен құрылған білім ордасы терең тарихымен және атақ-данқымен бүгінге дейін өмір сүріп келеді.

Сөз жоқ, біз алдыңғы буын салып кеткен осынау даңқты өткенімізбен қашанда мақтанамыз. Десе де, жоғары білім саласындағы осынау биік дәрегейді сақтап қана қоймай, оны өз дәрежесінде ұстап тұру үшін не істеп жатырмыз? Болашақта да ұрпақ санасының зергерлері – ұстаздар ұстаханасы болып қала аламыз ба, жоқ па? Алдымен осыған жауап іздеп көрейік...

Рас, жоғарғы оқу орнымыздың өткен бір ғасырда жинақтаған тәжірибесі мен қазіргі заманның талабы мүлдем басқа. Мәселен, осы уақыт аралығында педагогикалық білім тарихының өзі бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков бастаған топ алғашқы қазақ оқушыларын оқытушы шығарды. Бұл өз кезегінде еліміздің ұлттық оқу-ағарту жүйесін ескі медреселік үлгіден жаңа еуропалық деңгейге көтерді, ХХ ғасырдың 20-30 жж. жаппай сауатсыздықты жоюға өз үлесін тигізді. Тіпті, кейіннен 1958 жылғы онжылдық мектепке көшу және А.Макаренконың тәрбие жүйесіне негізделген әдістемелерді игеруде де Алаш зиялыларының салып кеткен ізі үлкен рөл атқарды.

Алайда қазіргі кезеңде педагогикалық білімнің алдында бұрын-соңды болмаған маңызды міндеттер тұр. Атап айтсақ, біз педагог мамандарды бүгінгі мектеп қабырғасындағы балаларды оқыту үшін ғана емес, сондай-ақ мектепке әлі келмеген, тіпті әлі туылмаған балалармен жұмыс істеуге дайындалуымыз қажет. Бұл дегеніміз, 2010–2024 жылы туылған Alpha буынын оқыту әдістемесімен қатар, біз осы кезден бастап 2025 жылдан кейін дүниеге келетін Beta ұрпақты оқытатын бағдарламаларды зерделеуіміз керек. Яғни, осы ұрпақ балабақшаға, мектепке білім алуға келген уақытта оларға біздің педагогтарымыз не оқытады және баланы қалай тәрбиелейді деген сауал туындайды. Сондықтан біз еліміздің бетке ұстар ұлттық педагогикалық университеті ретінде осындай заманауи талаптарға сәйкес мамандарды даярлаудың озық ғылыми-зерттеу және академиялық орталығына айналуымыз қажет.

Әлбетте, ең алдымен бұл университеттегі білім бағдарламаларын жаңалаудан басталады. Қазіргі уақытта университетіміз педагог кадрларды даярлауды 189 білім беру бағдарламасы негізінде жүзеге асырып келеді. Оның 75 пайызы жанартылған әрі аккредитациядан өткен. Білім беру бағдарламалары ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға сәйкес өзгерген. Одан өзге, Дүниежүзілік банк қаржыландырып «Педагогикалық білімді модернизациялау» жобасы аясында оқу процесінде 30 инновациялық бағдарлама енгізілді. Бағдарлама әдістемелері негізінен балалардың жеке тұлға ретінде дамуына, олардың

қабілетін жетілдіруге бағытталған. Бүгінде оның 19-ы жүзеге асып жатса, 11-і университетіміздің оқу жүйесіне енгізіліп жатыр.

Бұдан бөлек, қоғам өміріне, оның ішінде мектепке интернет кеңістіктің әсерін жоққа шығара алмаймыз. Оқу процесінде жасанды интеллект құралдары міндетті түрде қолданылуға тиіс. Оқушы заман талабына сай жасанды интеллектпен жұмыс істей білуі қажет. Егер бала заманауи технологиямен жұмыс істей алмаса, керісінше, ЖИ оқушыны алмастырып кетуі бек мүмкін. Біз осы принцип негізінде жасанды интеллектті оқу процесінде қолдану бойынша «Жасанды интеллект негіздері» атты оқу курсы әзірледік. Бүгінде Гонконг білім беру академиясы жасанды интеллект бағытында біршама алға ілгерілеген. Сондықтан олардың тәжірибесі біз үшін қызық. Біз Гонконг білім беру академиясымен бірлесіп, университетімізде жасанды интеллектті оқу процесінде пайдалану мәселесі бойынша орталық аштық. Білім орталығы «Жасанды интеллект және инклюзивті білім беру», «Білім берудегі көшбасшылық және STEM білім беру» бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер мен озық тәжірибе алмасу аяны ретінде қызмет етеді.

Әрине, кез келген жоғары оқу орнының академиялық жетістіктері тек озық білім бағдарламаларының болуына ғана байланысты емес. Көп мәселені, мысалға айтсақ, университеттің материалдық-техникалық базасы, оқу ғимараттары, кампусық және цифрлық әлеуеті сияқты инфрақұрылымы шешеді.

**– Осыған дейін отандық ақпарат кеңістігінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқу корпусы мен стадионы заңсыз сатылып кеткені туралы деректер тарайды. Таяуда өзгенің қолына өткен нысандар ЖОО меншігіне қайтарылды. Осыған байланысты алдағы уақытта қайтарылған мүліктің пайдаланылуы туралы қандай да бір міндеттелген жұмыс жоспары бар ма?**

– Өкінішке қарай, барлық нысан меншігімізге қайтарылған жоқ. Біз бұл ретте қолды болған 4 нысан туралы айтуымыз керек. Оның үшеуі университет меншігіне толық қайтарылды. Олар – спорт корпусы, Сорбонна-Қазақстан институты ғимаратының жертелө қабаты және М.Әуезов атындағы стадион. Төртінші нысан – университетіміздің бұрынғы студенттік асханасы. Университетімізге 2006 жылға дейін тиесілі болған бұл нысан екі қабаттан тұратын, 2,5 мыңнан аса шаршы метрді алып отырған негізгі инфрақұрылымдардың бірі еді. Жақында нысан заңды түрде сатып алынғаны туралы сот шешімі шықты. Бірақ біз бұл шешіммен келіспейміз, өйткені ғимарат қазіргі кезеңде университетіміздің инфрақұрылымдық қажеттілігі үшін маңызды нысандардың бірі саналады. Әрине, біз алдағы уақытта бұл мәселеге қайта ораламыз деп ойлаймын.

Ал енді қайтарылған нысандар бойынша заңнамаға сәйкес тиісті процедуралар жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте, меншігімізге қайтарылған үш нысан жарғылық капиталға енгізіледі. Одан әрі қарай студенттердің пайдалануына толықтай беріледі. Біз биыл жарғылық капиталға кіруін күтпей спорт корпусын толық жөндеуден өткізіп, пайдалануға беріп қойдық. Себебі университетте оқу алаңдары жетіспейді. Былтыр жаз айларында спорт корпусы жөндеуден өткізіліп, 2024–2025 жылғы оқу жылына толық қолданысқа берілді. Ендігі кезекте Сорбонна-Қазақстан институты ғимаратының астыңғы қабаты міндетті түрде толық жөндеуден өткізіліп, келесі оқу жылынан бастап университеттің игілігіне пайдалануға беріледі. Келесі нысан – М.Әуезов атындағы стадионда қазір оқу процесі жүргізіліп жатыр. Десек те, стадионның қазіргі ахуалы

**Болат ТЛЕПЕВ,**  
*Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-Ректор:*

# УНИВЕРСИТЕТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҚСARTU – БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

күрделі жөндеуді талап етеді. Университет өз күшімен бұл жұмысты атқара алмаймызға көзіміз жеткендіктен, тиісті инвесторлар тартуды жоспарлап отырмыз. Инвестордың міндетіне не кіреді? Біріншіден, стадионды толық реконструкциядан өткізу және нысанды университетпен бірлесіп пайдалану. Бұл тұста біздің инвесторларға қояр негізгі талабымыз – оқу кестесі бойынша стадион толықтай студенттердің еншісінде болуға тиіс. Стадионда өтетін сабақтар мен түрлі жарыстар университеттің тікелей меншігінде болады. Ал сабақтан тыс уақытта инвестор нысанды өз мақсатына пайдалануына мүмкіндігі бар. Болашақта алдымызға қойған негізгі мақсатымыз – нысанды толықтай жаңартып, инвестор активіне қосу.

**Енді қайтарылған мүлікті пайдалануға байланысты арнайы бақылау жүргізіле ме?**

– Әрине. Университеттің жарғылық капиталына кіргендіктен, бұл нысандардың барлығы оқу орнының ажырама бөлігі болып қала береді. Нысан университеттің инфрақұрылым жүйесі ретінде жұмыс істейтіндіктен, оның қолды болып кетпеуі кепілдігін міндетті түрде жарғамызда да, ішкі ережелерімізде де көрсетіп жазып қойдық. Енді университетке тиесілі нысанға ешкімнің негізсіз қол сұғуына құқығы жоқ.

**– Қазіргі уақытта көптеген ЖОО оқыту процесін цифрландырып, білім жүйесін технологиялық құралдарға бейімдеуге ерекше мән беріп келеді. Бұл ретте студенттердің**

ішінде толық заманауи техникамен жабдықталған 120-да аса аудитория бар. Дүниежүзілік банк жобасы аясында химия, биология, физика және инклюзивті білім беру бағыттары бойынша 4 жаңа зертхана ашылды. Келешекте біз университет инфрақұрылымын жақсарту жолында серпіліс жасағымыз келеді. Өзіңіз білетіндей, қазір елімізде жасанды интеллект дәуірі орнады. Қолындағы бір компьютердің көмегімен әлемдегі сәт сайын жаңарған ақпаратты игеру қиын. Жыл өткен сайын өндірісте дамыған технологияға негізделген интерактивті құралдар қолданысқа еніп келеді. Мұндай тәжірибе қазірдің өзінде Сингапур, Гонконг және т.б. білім беру университеттерінде қолданысқа еніп үлгерген. Толықтай LED технологиямен жабдықталған аудиторияларды сөзімізге мысал етіп алсақ болады. Бұл дегеніміз, LED технологиямен жабдықталған аудиторияның ішкі көрінісі студенттердің оқу пәніне сәйкес бейімделеді. Оқыған бір бөлек, оқығаныңды көзбен көріп, колмен ұстау тіптен басқа. Біз болашақта виртуалды дәрісханаларды қолданысқа енгізуіміз тиіс. Виртуалды тәжірибе тиісті оқу материалын игеру мәселесіне ықпал етіп, баланың оқу материалдарын оңай қабылдауға көмектеседі.

**– Келешекте виртуалды аудиторияларды енгізуіміз керек дейсіз. Ал қазіргі қолданыстағы аудиториялар интернет желісімен толыққанды қамтамасыз етілген бе?**

**Ал енді қайтарылған нысандар бойынша заңнамаға сәйкес тиісті процедура жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте, меншігімізге қайтарылған үш нысан жарғылық капиталға енгізіледі. Одан әрі қарай студенттердің пайдалануына толықтай беріледі.**

**халықаралық нарыққа сай әрі сапалы білім алуы үшін материалдық-техникалық базаның болуы маңызды. Бүгінде сіз басқарып отырған университет кампусы мен оқу ғимараттары заманауи талаптарға қаншалықты сай келеді?**

– Біз – Қазақстандағы ең көне университетіміз. Білім ордасында жалпы саны 9 оқу корпусы бар, оның ең ескісі – 1890 жылдары салынған тарихи маңызы бар Сорбонна-Қазақстан институтының ғимараты. Ал біз отырған мына жаңа бас оқу ғимараты 1985 жылы пайдалануға берілген. Дәлірек айтсақ, қазіргі уақытта қара шаңырақтағы ең жаңа ғимаратымыз осы. Кейінгі 20–25 жылдың ішінде университеттегі бірде-бір ғимарат күрделі жөндеуден өткен емес. Жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен, бұл инфрақұрылым бағытындағы мәселелерді толыққанды шеше алмайды. 9 оқу корпусы норматив бойынша 6 000 студентке арналған. Дәл қазіргі кезеңде университетте 17 400-ден астам білім алушы бар. Оның 15 600-ден астамы – бакалавриатта оқитын студенттер. Білім алушылар 3 ауысым бойынша оқиды, олардың арасында магистратура мен докторантурада білім алатын студенттерді үшінші ауысымға қоюға мәжбүрміз. Өйткені әлі күнге дейін университет ішінде аудитория жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан университет инфрақұрылымын жақсарту – алдымызда тұрған ең басты міндеттердің бірі.

**– Білім ордасындағы кітапхана, зертхана және оқу залдары оқытушылар мен студенттердің қажеттілігін толыққанды қамтамасыз ете ала ма?**

– 1 млн 700 мыңнан астам кітап қоры бар кітапханамыз студенттердің сұранысына толықтай сәйкес келеді. Қазір университетімізде электронды кітапхана жүйесі басты рөл атқарады. Кітапханаға келетін студенттердің саны аз деуге келмейді. Былтырғы жылдың өзінде электронды жүйеге кірушілердің саны 73 мыңға жетті. Білім алушылар интернет желісі арқылы өзіне қажетті әдебиетке тапсырыс беріп, кез келген ақпаратты тұтына алады. Студенттер мен оқытушылар үшін кітапханадан мамандандырылған-бейіндік әдебиеттерді тегін қолданып қана қоймай, одан бөлек сирек кітаптар қорын пайдалануға мүмкіндік бар. Өткен жылы университетте екі кітапхана ашылды. Бірі Жамбыл көшесіндегі Тарих және құқық факультетінің ғимаратында орналасқан. Жаңадан ашылған кітапхана заманауи талаптарға сай әрі техникалық тұрғыда толық жабдықталған. Екінші кітапхана – Сорбонна-Қазақстан институтында ашылған Шетел әдебиеті кітапханасы. Алайда университетімізге кітапхана жүйесін бір орталыққа бағындыратын ортақ ғылыми кешен қажет. Болашақта ғылыми кітапхана кешенін құру жоспарымызда бар.

Қазіргі уақытта оқу орнының ғимаратында жалпы саны 421 оқу аудиториясы, оның

терін, егер олардан орын артылып жатса, 2-курс студенттерін орналастырамыз. Студенттердің қолданысқа берілген қазіргі бес жатақханамыздың үшеуі 1930–1940 жылдары салынған. Заманауи талаптарға сәйкес бағаласқа, ондаған жылдар бұрын салынған ғимаратты жатақхана деп айту да қиын. Себебі қазіргі кезеңде бір бөлмеге 6 бала жайғасқан. Жатақханалар бүгінге дейін күрделі жөндеуден өтпеген, себебі нысанның негізгі қаңқасы қамыс-қарқас, ағаштан жасалғандықтан біз ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізумен ғана шектеліп отырмыз. Тағы бір атап өтер мәселе, өткен жылғы жер сілкінісінен кейін екі бірдей жатақханамызға айтарлықтай зақым келді. Мен университет жатақханаларының жертелесінен бастап шатырына дейін шығып көрдім. Өкініштісі, ағаштары шіріген. Кезінде бұл жатақханалар уақытша салынғанын ескерсек, енді бізге тозығы жеткен ғимараттардың орнына жаңа жатақхана салу мәселесін назарға алу қажет.

Университеттің жыл сайынғы қаражаты жоспарлаған барлық жұмысты атқарып тастауға жетпейді. Біз мемлекеттік тапсырыс аясында жұмыс істейміз. Нақтырақ айтсақ, бір гранттың 70 пайызы профессор-оқытушылардың айлық жалақысына бөлінсе, қалған 30 пайызына университеттің инфрақұрылымы, оқу-әдістемелік базасы мен коммуналдық шығындары кіреді. Яғни, университеттің инфрақұрылымдық дамуына, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге грант есебінен бірде-бір тиын қарастырылмаған. Осының нәтижесінде біз жыл сайын ақшыл түрде оқытын студенттерден түсетін қаражат есебінен шама-шарқымыз жеткенше ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Қазіргі кезеңде жатақхана мәселесін түбегейлі шешудің бір-ақ жолы бар. Бұл – қолымызда бар жатақханаға толық реновация жасап, жатын орындарының санын көбейту, сондай-ақ студенттер үшін жайлылық деңгейін арттыру. Аталған мәселені шешу бойынша біздің нақты жобамыз да бар.

**– «Атамекен» палатасының статистикасына сүйенсек, грант негізінде білім алып, бірақ оқу бітірген соң өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндердің үлесі 65 пайызды құрайды екен. Абай университетінде студенттерге кәсіби бағдар беру және еңбек нарығына бейімдеу жүйесі қалай жұмыс істейді?**

– Біріншіден, университетіміз – бейіндік бағытта білім беретін оқу орны. Бүгінге дейін педагог мамандарды даярлап келіп жатқанымызға 97 жылдан аса уақыт өтті. Еліміздегі өзге ЖОО-мен салыстырып қарасақ, университетімізде түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары. Мәселен, өткен жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 95 пайызды құрды.

Екіншіден, педагог маманның кәсіби тұрғыда дамуына университетте алған білімі ғана емес, сонымен қатар мектеп қабырғасында жинақтаған тәжірибесі де маңызды рөлге ие. Біз ПББ-дағы көрсеткішімізді арттыру үшін мектептермен барынша арадағы байланысты күшейтуге тырысамыз. Биылғы жылдан бастап 4-курс студенттерін 7 айға мектептерде тәжірибеден өтуге жібереміз. Мұндай ұзақмерзімді тәжірибе еліміздің басқа жоғары оқу орындарында кездеспейді. Бұл кезеңде студенттер жұмыс ортасына бейімделіп, дуальді оқыту келісім-шарты негізінде өз мамандығы бойынша еңбек етеді. Сондықтан осы жолы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші былтырғыдан қарағанда жоғары болады деген үміттеміз.

**– Қазақстандағы білім білім беру жүйесі Болон процесіне негізделген. Десек те, бұл салада бір-бірімен үйлесім таппайтын қарама-қайшылықтар жоқ деуге келмейді. Айтқызыңыз, студенттердің білім алу траекториясының мәселесі Болон процесінің талаптарына толыққанды жауап береді ала ма?**

– Кредиттік жүйе арқылы студент өзінің білім алу траекториясын жасай алады. Университетімізде оқыпталатын мамандықтар құрамының 70 пайызы педагогикалық, ал қалған 30 пайызы педагогикалық емес мамандықтардан тұрады. Педагогикалық емес мамандықтарға мемлекеттен жалпы грант бөлінгенімен, педагогикалық емес мамандықтар бойынша талапкерлер көбіне ақылы негізде қабылданады. Студенттердің академиялық еркіндігі – эдвайзерлер, кафедра менгерушілері мен декандардың қалағандығы мәселе. Біз студенттерге толыққанды академиялық еркіндік береміз. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында жұмыс істейтін әлемнің 26 мемлекетіндегі 80-нен астам оқу орнымен байланысымыз бар. Біз студенттің білім алу траекториясын өзі құруын қолдаймыз, алайда бұл ретте тағы бір ескеретін мәселе, университет мемлекеттік тапсырыс аясында келген мамандарды да даярлауға тиіс. Бұл бағытта университеттің өзіндік ішкі талаптары бар!

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

РУХАНИЯТ

1 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ҚҰЗ БАСЫ – БҰЛ ДА БІР ЕЛСІЗДІК

Жазушы Әлібек Асқаровтың «Саңғал таулар. Самал белдер. Сағал жондар» кітабы хақында

Ақылға сыймас ақымақтық. Бірақ... Бұлай дейін десен, олардың жегірі мұздан қатты, сенімдері күзден биік. Бұлар — күзден ұшып өлесің дегенге ешқашан сенбейтіндер. Сол шын басында мыңнан астам адамның өлігі жатыр десен де ділі дірр етпейтіндер. Бұлар — кімдер? Шамасы, бұлар — өмірде тек сәттілікке сенетіндер. Бұлардың Құдайы — сәттілік сияқты. Бұлар — альпинистер.

Ал осы альпинизмнің не қажеті бар? Не... одан қоғам дамып кете ме? Әлде еңбекке көбейе ме? Тіпті, ол да бір ерлік дейік. Ал сол ерліктен халыққа не пайда? Шын басына шығам деп басын бөйгеге тігіп, ол жаққа барып, қаза тапсам, оған ешкім жауапты емес деп хат жазып тәуекел етуде не мән бар өзі? Қаншама адам қалды сол шырлардың ұшар басында. Олардың денелері ақ қардағы қара нүкте болып бәлен жылдан бері өлі жатқан көрінеді. Не болды ал? деп ойлаймыз ғой әдетте).

Жазушы-альпинист Әлібек Асқаровтың баяғыда өзіміз оқыған «Тайга толғауы», «Ерте түскен бозқырау», «Өр Алтай, мен кайтейін биігіңді» және тағы да басқа шығармаларынан тау туралы талай толғауын оқыдық. Мұзтау туралы жолжазба-эссесінен алған әсерімізді кезінде «Тұмар» журналында жариялаған едік. Әлекең жақында ғана жарық көрген «Саңғал таулар. Самал белдер. Сағал жондар» деген кітабын сыйға тартты. Бірден «Мұзтауы» мен «Аспантауы» есіме түсті. Әлекеңнің сол қарлы шыңдарға, оның аласапарын боранына әдейі барып соқтығысатыны қызық. «Мұзтауының» бір жерінде: «Аяғың мүлт кетсе болды — сырғанап анау үш жүз метр етектегі мұздықты барып сүзерін сөзсіз» дейді. Оқып отырып «мұздың несі кетер дейсің, ал оны сүзген адамның жағдайы белгілі ғой» деп ойлайсың ішіннен. Жазушы әрі қарай жазды: «Ай-й-й, осыдан аман қайтсам, көрмегенім тау болсын!» деп. Тағы да жазды: «...Ойпырмай, өзімізді осынша қинайтындай, не күн туды басымызға. ...Бұдан әрі атам десен, аттап басаймын» деп.

Кайдағы! Мына кітабын ашып қалсам, қарлы шыңның қаһарманы болып алған жазушымыз Алтайдың бауырында «табаным тимей қалған жер бар ма екен» деп, шатқал-шатқалдың ұстараның жүзіндей мұзына тайғанақтап, сабағалан желмен жекпе-жекке түсіп тағы кетіп бара жатыр екен. Аркасында — отыз келелік дорбасы. «Мұзтаудың түбіне жеткенде көз алдымызда қыздыл-сарылы дөңгелектер ойнап, тіземді дірілдеп, тәлтіректен қалдық» деп жазған еді «Мұзтауында». Құдайым-ай! Ненің әлегі десенші?! Енді мына жерде «Сендер бара жатқан жақтарың — адам аяғы баспаған иен түз» деп ескертіпті жолбастаушы Жанболат және ол өңірдің қасқыр мен қар барысының мекені екенін, тіпті аюдың да көптігін айта да, ескерткен сайын екпіндеп бара жатыр. Қауіп-қатердің қауық көрінетіні несі екен?!

Мұзтаудың биігін бағындырған Әлібек Асқаровтың тау-мінез толғаулары кей жерінде аюдан да үрейлі. Кей тұсы мұздан бетер мұздай. «Дүниенің кеңдігін» күз басынан қарап тұрып суреттейді. «Шөбі тықыр, тіс шұқыр ағаштан ада» дейді. Және оның «түздің

аны болмаса, шайтан сирағын сындырардай өгей алап» екендігін де баяндайды. Күз бен мұздың көркемдігін және көркемдіктен де асып түсетін үрейлілігін дәл осы кісідей айта алған қазағым жоқ шығар.

«Мұзтауын» оқып па едіңіз? Оны оқып отырғанда өзіңе де қислорд жетпей қалатындай. Тас төбедең төніп, өне-міне құлап кетердей болып тұрған аспандай зор мұз-қабақтан өтердегі жол бастаушының «жөтелмендер. Қатты сөйлемендер!» дегені кітап оқып отырған саған да айтылып жатқандай. «...Биіктен қорқатын болсаңдар, өсте төмен қарамаңдар!» Оқып отырған өзің де жан-жағына қарамауың керек сияқты. Дәл қазір мына орыңдығыңнан тайып жығылатын сияқтысың.

Аяғына альпинистердікіндей «қошқа» киіп отырып оқу керек сияқты ол кітапты. «Иін тіресе еңіске қарай ентелеген үйдей-үйдей қалың мұздың арасы түйе сыярадай, күйме сыярадай санрайған саңылаулар. Оның төменгі жағы үнрейдің, омырайған жарықтар. Жақындай берсең жүрек суырғандай түпсіз құрдым» деп жазды. Оқыған сайын зәрең ұшады. Оқып отырып-ақ Пималай аскандай болатын өзіндік «альпинистік жағдайласын»). Кітапты жаба салғың келеді. Бірақ өрлермендініп, әрі қарай оқысын.

Кай кітаптан оқыдым екен — құзар шыңның ұшар басында ешкім ешкімге көмектеспейді дегенді. Аа, айтақшы... осы автордың «Аспантауынан» оқыдым ғой.

«Аспантауды» жүрегіннің сырқосы барлар оқымағаны дұрыс. Шынында да, оның өзі де өкпесі ентіге өртеніп келе жатады екен. «Шықпа жаным, шықпалап!» демін үнемдеп келе жатады екен. Сөйтіп келе жатып, күз басына жеткізер бір үрлем демін кіммен бөліскендей? Жанкешті жағдайда өркім өз өмірін құтқара алса, бұ жақта сол олжа. Сұмдығы сол — күз басында альпинистер жолда жатқан мәйіттерді аттап өтіп кете беретін де жағдайлар болады екен. Бұл да қара жердің бетінде есі дұрыс адамның дәті бармас ауыр жағдай. «2006 жылы, — дейді автор сол «Аспантауында», — «әлдебір жартастың түбінде суықтан көгеріп үсіп бара жатқан 34 жастағы ағылшын Дэвид Шарптың дәл қасынан 42 альпинист өте шығалды. Бұрылып аяушылықпен қарағандары болмаса, ешкім де оған қолұшын бермейді. Араларындағы біреуі ғана бұрылып келіп, ерні күп боп ісіп, тілі аузына сымай жатқан альпинисттен иіліп сұхбат алмақшы болады. Ол әрекетінен түк шықпаған соң, бірнеше рет суретке басалды да, жолынан қалмай, әрі қарай кете барады. Дэвид тіл жоқ, көзі жәудіреп, сол орнында кемсендеп қала береді. ...Өйткені олар алды мен арты қоғамдалған тар сұрлеуде бағытынан сәтке болса да ауытқудан зәредей қорқалды». Иә, бұл да бір — дұрыс-бұрыс деп қара жердегілер баға бере алмас күз басының траги-драмасы.



Ақыл айту — жер бетінікі. Күз басында өз аяғың айла табу керек екен. Қолың да тепе-теңдіктің «мозговой центріне» айналмаса, біткенін, «Келсен, кел!» деп тұрған жалама күз басындағы қырағылығың қыранды да жолда қалдырардай, сақтығың сайтанның өзін де сан соқтырардай, яғни, ішкі әлем деген қойманда не бар екендігін көзіңе көрсететін жағдай екен. Бұларды осы кітаптарды оқығанда ұғады екенсің. Тағы бір ұқканы — альпинистердің ержүректігі — биіктеген сайын қорқыныш пен үрейдің құрсауында келе жататындығында. Және де тағы бір ержүректігі — қыр соңынан қалай келе жатқан үрейден үрейленбейтіндігінде. Альпинизм туралы бір кітапта «альпинизм дегеніміз — өзін-өзі бақылай алу қабілетін шындау» деп жазыпты. Ғажап қой. Көпшілігімізге жетіспейтін нәрсенің бірі — осы «өзін-өзі бақылай алу қабілеті» шығар, бәлкім.

Мәселе тауға шығуда емес. Ә.Асқаровтың бұл кітаптарындағы мәселе — әр қазақтың баласы қиындықтан тайсалмасты болуы үшін кейде тәуекелге бара алу идеясын тұжырымдау. «Мұзтауға шық» демеуі. Бірақ өзін осы жүрісі арқылы — өне-міне жаны шығып кетердей жағдайға келтіретін қиындықтар бастан кешіріп, аман-есен етекке түскенде, жер бетіндегі қиындықтың қиындық

құлры болмайтындығына сілтеме жасауы және мұның адамға серпіліс берер жағдай екендігін ұғындыруы. Тап осылай тауға шыққандар бар ғой, әрине. Бірақ сырттай тамсану бір басқа, әдейі барып қарымен қар болып кете жаздап, тасымен тас бола жаздаған жан-кештілік туралы жазу — біздің қазақта сирек. Шыңның шырқау биігі ой-сананы тазартатын шығар, қара жерге түскен кезде жана адам болып жанғырып, дүниеге ақ қардай тазалықпен, биік шыңдай биіктікпен қарайтын шығар. Шыңға шықпағандардың күнделікті тіршіліктегі қиындық деп жүргені жәй ғана бір түйір қиыршық тас көтергендей жағдай екендігін сезінетін шығар. Өз биігіне көтергені үшін ғана емес, аман-есен жерге түсіргені үшін де сол шыңға рахмет айтатын шығар. Ендігі өмірде сол шыңға, сол биікке лайықты болайын дегізетін шығар. Бәлкім, джентльмендіктің бір көрінісі шығар. Әлде қасиетті орынға барып тәу еткендей ме екен? Әйтеуір, альпинистер, оның ішінде альпинист-жазушылар — басқаша ойлайтындар.

«Аты аңызға айналған Джордж Мэлло-риден «Сіз неліктен Эверестке бара жатырсыз?» деп сұрапты. Сонда Мэллори «Ол Эверест болғандықтан да!» деп жауап беріпті. «Бұл жауапты қалай ұқсаныз да еркінсіз!» деп келтіріпті автор. Сол айтқандай, бұлар неге жайлы орындағын тастап, шүберекке түйлі жандарын шығарыпты күз басында жүр-а? Өйткені оның терені де, биіктігі де өз жерін. Атажұртын. Өзін аяқ баспастан, басқа жатқан басқалар келіп, өздері «америка» ашып, оған өздері тандаған аттарын қойып кеткен жағдайы еліміздің кай өңірінде де бар. Бұл кітапта да автор сондай дерек келтіріпті. «Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ атауларының ...қашқын кержақтар, кейінгі ғасырларда қару асыған қазақтар ...өз тілдерінде аттар қойып, қартаға да солай белгілеп кетіпті. Осылайша, қазақтың ежелгі Қоныржоны — Листвияға, Мұзтауы — Белуха, Тасшоқы — Шебенюха, Шаянбай көлі — Харисуовое, Қауымсы көлі — Черноовое, Қаракөлі — Язевое, Бұланды көлі — Лосиное»

және тағы басқа болып аталып кеткен көрінеді. Демек, өз жерінің өз нүктесіне із суытпай барып тұру, табан ізді жаңғыртып тұру да ұлттық-саяси мәселе. Дегенмен әлі сақталып тұрған небір жер аттары бар екен. «Аюдың алысты көре алмайтын сығыр көз жыртықшығының» арқасында аюдан аман қалып, «Мергеннің асуынан асып, Көктасқа ойысып, одан әрі Жінішкенің басын айналып, Ақтүйеге жете аттан түскендерін» суреттейді. «Елеңшадырдың ел көшкендей еңсіз қапталы, жоғарыдағы Қапшаддың қапсағай жондары» деп келетін көріністерді оқып отырып, сол «енсіз қапталдар» мен «қапсағай жондардың» арасымен өзін де қыстырылысын кетіп бара жатқандай боласың.

Қазақ даласының әр белесінде ұлт тағдырының тарихи трагедиялары жатыр ғой. Ә.Асқаровтың бұл «Саңғал таулар. Самал белдер. Сағал жондар» кітабында да әр нүктеге тоқтаған сайын оның өткір мәселелерді де қозғайтын өткен тағын сөйлетеді. Бейбіт замандағы тастағын да трагедиясы, қарағайдың да қайғысы, көлдің де көз жасы аз болмағандығы жазылған бұл кітапта да. Оқи отырып, көңілді бір өкініштер қамап алады, сағыныштар саз береді. Тау туралы жазған бір шумак өлеңіміз еске түседі:

Өкініштер безесе өрттей тілін,  
Сағынышым — көкейден кетпейтін ұн.  
Таулар ма? Таулар деген — знопа!  
Оқуға біздің өре жетпейтінүгын, — дейміз іштей.

Ал оны оқуға өресі жетсе — табанын тасқа жанып, мұзына құрсанып, таутанудың тарлаңы болған тауқұмар жазушы Әлібек Асқаровтар жетер. Чомолунгмаға шығу міндет емес. Одан сәл беріге шығудан да өз қайғы Әлібек жазушының бір емес, бірнеше кітабын толтырып тұр.

Жәй ғана толтырып тұрған жоқ. Көркем тілдің көрмесіндей кітап болып тұр.

Жазушы-альпинисттің қай шығармасы да сөз мәйегін сақтап тұрған қазына. Оларды тек оқу керек. Орыстардың «чертовски увлекательный» деген тіркесі бар (қазақшап көріп едім, ренкі дәл солай шықпады). Ә. Асқаровтың альпинисттік жорықтарың оқу да дәл сондай әсер береді. Бұл да өзіндік хит-жанр!

Күз басы — бұл да бір елсіздік. Мұздардың хаосы жайлаған қаталдық. Одан не іздейді адам? Нені іздейтінін мен де білмеймін. Бірақ альпинист болмаса да, альпинисттер туралы кітаптарды оқығандардың бәрінің жүрек түкпірінде қиындықтар талсаламауға, тәуекелге тастай болуға деген бір ұшықның оянары анық. Кездейсоқтықтың қандайына да лайын жүруге деген, қандай қиындықтың да Мұзтауға өрмелегеннен қиын еместігін сездіретін ғажайып бір ішкі отты үрлеп жіберері сөзсіз. Көңіл төрінде шыңдалуға шабыт беріп тұратын бір логотип пайда болғандай. Нағыз экстремалдар тек тау басында ғана емес, күнделікті тіршілікте де керек. Сондай жағдайға өздерін шындайтын немесе тұмсысынан сондай харизмасы мықты адамдар болады. Олардың ұстанымдары — нағыз тәрбие мектебі. Әлібек Асқаровтың таутану жолындағы туындылары осындай қырымен де құнды.

Пималай — аспаннан ғана аласа. Қазақтың Мұзтауына да өзіміз солай қабылдаймыз және мақтан етеміз.

Гималайды аңызға айналдырғандар — адамдар. Мұзтауды да аңызға айналдырған — қазақ қаламгерлері. Ал оған өрмелеп жүргендердің тау туралы жазғандары тау-мінезділікті, тау-талғамдылықты, тау-төзім мен оның ақ қарындай алдылықты қалыптастыратын оқу құралы іспеттеу.

«Саңғал таулар. Самал белдер. Сағал жондар» — соның бір дәлелі.

Онайғұл ТҰРЖАН

ҚҰСНИХАТ ШЕБЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Орталық Азиядағы ислам каллиграфиялық шеберлері Астанада бас қосты. Елордада алғаш рет «Құснихат: Орталық Азиядағы ислам каллиграфиясы» атты көрме ашылды. Онда графикалық жазу өнері шеберлерінің 30-ға жуық туындысы қойылған.

Елордаға жеткізілген құнды жәдігерлер қатарында имам Әл-Бұхаридің сия сауыты, «Халифа Османның қаны тамған» Құран кітабының көшірмесі және Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың Византия императоры мен Бахрейн короліне жазған хаттарының көшірмелері бар. Оны өзбекстандық каллиграф Хабиболла Салиев жазып шыққан. Айтуынша, бұл — Құран кітабының 7-ші көшірмесі. Ең алғашқы жазбаға үш жылдан астам уақытын арнаса, қалған алтауы екі жылға жетер-жетпес уақытта жазылған екен.

— Пайғамбарымыздың жазған хатын айнытпай көшірдім. Папирустың көлемдері де бірдей. Бұл — көшірменің бір ғана данасы. Бұдан бөлек, «Омардың қаны тамған Құранды» жеті рет көшіріп жаздым. Ең алғашқысы ұзақтау болғанымен, кейінгілерінде қолым үйреніп кетті. Негізгі, мұндай көрмелерді жиі ұйымдастырып тұру керек деп ойлаймын. Себебі каллиграфия өнері ұмыт болып бара жатыр, — делі каллиграф Хабиболла Салиев.

Сондай-ақ көрмеге Орта Азиядағы жазу өнерімен айналысып жүрген басқа да шеберлердің туындылары да қойылған. Негізгі мақсат — ұмыт болған өнерді насихаттау, каллиграфия жазуын дәріптеу.



— Құснихат — ислам мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл көрме мен конференция өнердің дамуына ықпал етеді. Каллиграфия — ғасырлар бойы қалыптасқан өнер мен руханияттың айнасы. Ол тек эстетикалық сұлулық көрінісі ғана емес, тарихи терең рухани мәні бар. Бүгін біз бұл құнды мұраны сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу жөніндегі міндетімізді әйгілеп отырмыз. Мәдени мұрамызды қорғау — баршамыздың ортақ борышымыз және осындай шараларды мәдениет саласындағы маңызды қалам ретінде бағалаймыз», — делі Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі.

Көрменің екінші күні «Каллиграфия өнеріне арналған халықаралық шеберлік

сағаттары» өтті. Оның барысында түркиялық ғалым Метин Акар Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сыртқы жазулары мен олардың кәзіргі жағдайы жайлы баяндаса, өзбекстандық Гафуржон Хакбердиев Ислам каллиграфиясының негізгі стильдеріне тоқталды. Сонымен қатар өзбекстандық құснихат шебері Хабиболла Салиев қуфалық мұсаф және басқа мұсафтардың жазу ерекшеліктері жайлы, Қырғызстаннан келген Талайбек Қожомуратов Қолжазба Құран өнері туралы, ал отандық каллиграфтар Асылбек Орынбар және Асан Махмуд қазақ каллиграфиясының ерекшеліктері жөнінде әңгімелеп берді.

Мейір ЖАСЫН

Биыл Қазақстанның Халық әртісі, күйші-композитор, дирижер, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толады. Осыған орай, елордада 2-4 сәуір күндері Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы өнер тарлаңының ғасыртойына арналған «Құстар әні» атты республикалық фестивалін өткізеді.

«ҚҰСТАР ӘНІ» ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Фестивальдің мақсаты — көрнекті композитордың шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, ұлттық музыка өнерін дамытуға үлес қосу, қазақ музыкасына тағзым көрсету, ұлттық өнерімді ұлықтау және жас музыкант қолдау көрсету және өнірлік өнер ұжымдарының тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау.

Қазақ даласын күмбірлі күйімен тербеген дәулескер күйші, сайыпқыран сазгердің шығармашылығын кеңінен насихаттауды мақсат еткен мәдени іс-шараға өнер қайраткерлері, мәдениет майталмандары және еліміздің әр өңірінен келетін шығармашылық ұжымдар, БАҚ өкілдері мен өнерсүйер қауым қатысады. Бұл күндері Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылып, онда аңыз тулғанын туындылары талқыланады. «Ұлы композитордың мәңгілік мұрасы — қазақ музыкасының алтын қазынасы. Оның күмбірлі сазы дархан даланың рухын тербеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Бұл іс-шара — сол асыл мұраны дәріптеп, ұлттық өнеріміздің мерейін үстем ететін ерекше рухани кеш», — дейді ұйымдастырушылар.

2 сәуір күні фестиваль аясында дөңгелек үстел отырысы, «Қызыл кілем» салтанаты және фестивальдің ашылуы өтеді. 3 сәуірде



өнірлердегі филармония ұжымдарының концерті, ал 4 сәуірде фестивалдің жабылу салтанаты ұйымдастырылады. Белгілі композитор 500-ден астам музыкалық төл туындының авторы. 50-ден астам драмалық қойлымға, 19 көркем фильмге, 17 мультфильмге, 14 деректі-хроникалық фильмге музыка жазды. Айта кетейік, республикалық фестиваль аясында Нұрғиса Тілендиевтің қазақ музыкасының алтын қорына енген «Құстар әні», «Өз елім», «Аққу», «Ата толғауы», «Жан сөздем» және басқа да шығармалары орындалады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

# АЙМАҚ

1 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Жер кіндігі саналатын Байқоңыр ғарыш айлағы жайлы егжей-тегжейлі айтып жатудың қажеті де жоқ шығар. Байқоңырдан көкке алғашқы ғарыш кемесі ұшырылған күннен бастап ол жайында бүкіл әлем хабардар. Алайда Қызылорда облысы аумағында айналасы бетонмен қоршалып, қалыпты тіршіліктен тыс тұрмыс кешіп жатқан бұл жабық қалашықтың ішкі жағдайы сырт көзге таңсық көрінуі мүмкін. Әсіресе, «мемлекет ішіндегі мемлекет» іспеттес жұмбақ қалада «қазақтардың құқы қалай қорғалып жүр?» деген сұрақ көптің көкейінде сарнап тұрғаны жасырын емес. Бүгін біз осы сауалға жауап іздеп көрдік.

## А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Шынтауайтында, алақандай ғана аумақты алып жатқан Байқоңырдағы тіршілік көпке беймәлім. Жері қазақтың болғанымен, заты 50 жылға Ресей меншігіне берілген бұл аумақтың әрбір сай-саласы мен таутасы қатаң бақылауға алынған. Тұрғылықты халқының өзі қалаға кіріп-шығу үшін арнайы рұқсат қағазын қалтасына салып жүреді. Ал сырттан келетін қонақтарға күні бұрын арнайы құжат дайындап, тексерістен өткізуге мәжбүр. Есебін тауып есіктен емес, тесіктен кіретіндер де бой көрсетіп жатады екен. Бірақ елді толғандырған мәселе бұл емес.

Екі елдің заны қатар қолданыста дегенмен, көрші мемлекеттің үстемдігі басымдау болып тұрған Байқоңыр кешеніндегі халықты толғандырған мәселе бір түйеге жүк боларлық. Соның ішінде занымен бірге қос елдің ақша айналымы қатар жүретін жалдық сипаттағы қала халқы қымбатшылықтың құрауында отырғанын айтып, зар еніреп жүр.

Бірнеше жыл бұрын Байқоңыр қаласындағы өкілдіктен алдағы жылдан бастап қонақтардың қалаға кіріп-шығу құжатын дайындау ісі жеңілдейтін жайында ақжолтай хабар алған едік. Осы арқылы рұқсат қағазды дайындауда уақытты үнемдеп, қалаға без келген қазақстандық азамат пен туристің емін-еркін кіріп-шығуына жол ашылатынын айтып, сендірген болатын. Бұл ханалық жабық қалашыққа кіріп-шығу қиындық туғызып келген жұртшылыққа аз да болса үміт сыйлады.

«Туристер үшін қалаға және ғарыш айлағына кіру үшін қажетті электронды рұқсаттамаларды рәсімдеу процесі жеңіл-

# БЕЛГІСІЗ БІЗГЕ БАЙҚОҢЫР



детілді. Ең бастысы, рұқсат алу мерзімі қысқартылды. Сонымен қатар қаладағы «Инфракос» кәсіпорны туристік нысандар негізінде жана маршруттар әзірлеп, Байқоңырдың бірегей ғарыш мұрасын кенінен таныстыру бағытында жұмыс істей бастады. Бұл бастамалар бірінші кезекте Байқоңырдың туристік әлеуетін арттырып, оны әлемдік деңгейдегі ерекше туристік орталыққа айналдыруға мүмкіндік береді, — деп түсіндірді бұл жайында жылдық есеп беру брифингінде облыс әкімінің орынбасары, Президенттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай.

Осы орайда үкіметаралық комиссияның шешімі бойынша «Байқоңыр» кешенінде туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар ретінде «Бәйтерек» БК» АҚ және «Инфракос» РМК бекітілген. Дей тұрғанмен, қала халқы бұл тұрғыда мәселе түбегейлі шешілді деген уәжде келіспейді. Әлі де арагілік қиындықтар кездесіп жататынын алға тартады.

Соңғы жылдары ғарыш айлағында қазақтардың үлес салмағы арта түскені байқалады. Оған орыстардың жұлдызды қалашықты тастап, еліне үлере көшуі себеп болып тұр. Соның негізінде қазақстандық мемлекеттік мекемелердің қатары көбейіп, қазақ тілінің мүмкіндігін арттыру бағытында тиісті жұмыстар істеліп жатқаны жиі айтылып жүр.

Осы ретте Байқоңырда қазақстандық стандарт бойынша білім беру жүйесі кеңейіп, мектепке дейінгі мекемелердің саны арта түскені брифингте сөз болды.



Арнаулы өкілдің мәлімдемесіне сәйкес, бұған дейін қалада екі балабақша ғана жұмыс істесе, соңғы екі жылда облыс өкілінің қолдауымен үш жаңа балабақша ашылды. Өз кезегінде Қайрат Ырзақұлұлы алдағы уақытта тағы бір мемлекеттік балабақша ашу жоспарланып отырғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ жалдық сипаттағы қаладан қазақстандық мектеп санын арттыру мәселесі жан-жақты қарастырылып, нақты шешімдер қабылданып жатқанын жеткізді.

Әрине, қала аумағында мемлекетіміздің мүддесіне сәйкес келетін бірегей жобалардың жүзеге асырылып жатқаны өз қуантады. Алайда тұрғылықты халық ғарышты қалашықта шешімін күткен қордаланған мәселе мұнымен шектелмей-

тінін айтып, түңіліп отыр. Соның ішінде жергілікті жұртшылық тығырыққа тіреп тұрған кейбір түйткілдерді тізбектеп берді.

Атап айтқанда, көп жылдан бері тұрғын үйлерді жекешелендіру ісі тұрғындардың жүйкесін жұқартып келеді екен. Нақтысы, байқоңырлықтар баспаналарын жалдық негізде алып, тұрып жатыр. Ресейдің талабына сәйкес, оны жекешелендіру әзірге мүмкін болмай тұрғанын айтады. Сонымен қатар жұмыссыздық мәселесі де жүйкені жұқартып тұр. Әсіресе, ресейлік пен қазақстандық мекемелердің жалақы мөлшері жер мен көктей. Яғни, ресейліктердің айлық табысы көш жоғары. Соның салдарынан екі қолға бір күрек іздеген қала халқы ресейлік мекемелерде жұмыс істеуге ынталы болып барады деген пікірде.

«Жалдық сипаттағы Байқоңыр қаласында қазақстандықтардың құқы толыққанды қорғалып тұр деп айту қиын. Жыл санап қазақ азаматтарының үлес салмағы арта түскенімен, Ресейдің заны үстемдік құрып тұр. Қымбатшылық қыспаққа алып барады. Өзіміздің азық-түліктеріміз бағасы іргедегі Төретам кентіне қарағанда өте қымбат. Өйткені жабық қалашыққа өз

кешіп жатқан алақандай аймақта қайыр сұрап, қол жайған қазақ азаматының бой көрсетіп жүргеніне түнілді. Нақтысын айтқанда, соңғы кездері базар маңын жағалап, қайыр сұраған қазақ әйелінің мүшкіл кейпі тұрғылықты халықты алаңдатып жүр. Бұл жайында кешеннің арнаулы өкілдігіне хабарлағанымен, әлі күнге дейін тиісті шаралар жүргізілмей отырғаны жұртшылықты күмәнді ойларға жетелеп тұр.

«Жоғарыда айтып өткенімдей, өз жерімізде өгейдің күйін кешіп жүргеніміздің айқын көрінісі осы деп айтар едім. Қазақ азаматының алақан жайып, орыстардан қайыр сұрағанын көруден асқан қандай қорлық керек. Бұл жайттан өкілдікті хабарлар еткенімізбен, күні бүгінге дейін нақты атқарылған жұмыстың нәтижесі байқалмайды. Осыдан-ақ ғарыш кешеніндегі қазақстандықтардың құқы қаншалықты қорғалып жүргенін, әлеуметтік ахуалының қай деңгейде екенін бағамдай беруге де болады. Осы орайда айта кететін тағы бір сұмдық жайт, соңғы жылдары Байқоңыр кешенінде Ресей азаматтығын алып жатқан қазақтардың саны артып барады. Оған тағы да сол жұмыссыздық пен әлеуметтік ахуалдың солқылдақ танытып тұрғаны себеп болып отыр. Яғни, жалға алушы тарап Ресей азаматтығына өткен адамдарға белгілі мөлшерде қаржылай көмек көрсетіп, баспанамен қамтуда жолға қойған. Соның салдарынан «екі қолға бір күрек» таппай, өлместің күйін кешкен халық өз еркімен көрші елдің азаматтығын алуға ағылып жатыр. Бұл кезеңсіздіктің дер кезінде алдын алмасақ, ертеңгі күні ұлтмыздың тамырына балта шабылмай ма деп қорқамыз», — деп түнілді қала тұрғыны.

Негізінде, бұл мәселе төңірегінде тұрғылықты халықтың пікірі екі тарапқа бөлінгенін аңғаруға болады. Бірі — талай қазақ бауырларымыз өзге елдің азаматтығын алуға асығып жүр деп ашынса, кейбіреулер Ресей азаматтығына өткеніне еш өкінібейтін, қаржылай көмек алып, көптеген жеңілдікті сезіне бастағанын тілге тиек етті.

Жалпы, соңғы жылдары ел ішінде «жалдық сипаттағы қалашықтың Қазақстан меншігіне өтетін күн алыс емес. Қалада қазақтардың үлесі артып келеді» деген сияқты пікірлер жиі айтылып келеді. Алайда бетон қоршаудың арғы жағында жасырынған құпия қалашықтағы кейбір келенсіздіктер көңілдегі күмәнді арттырмаса, сейілтер емес. Ең қиыны, ресейліктер жаппай өз еліне көшіп жатыр деген алып-қашпа әңгімелер айтылғанымен, өзге елдің азаматтығын алуға ынталы қазақтардың қатары артып тұрғаны ойланарлық мәселе. Сол себепті халық бәрі кеш болмай тұрғанда мұның себеп-салдарын анықтап, жедел шаралар жүргізу қажет деп есептейді.

# ЖАМБЫЛДАҒЫ ДҮМПУ: ҮРЕЙЛЕНУГЕ НЕГІЗ БАР МА?

Жамбыл облысында болған жер сілкінісі дүйім жұртты дүр сілкіндірді. Дүмпу тұрғындарды ғана емес, билік өкілдерін де аяғынан тік тұрғызды. Меркі мен Т.Рысқұлов аудандарында жер сілкінуінің магнитудасы 5 балға жетсе, Тараз, Шу, Қордай мен Мойынқұм аудандарында 2 балдық көрсеткішті көрсетті. Зақымданды делінген 120-дан аса нысан есепке алынып, тұрғындардан 100-ге жуық арыз түскен. Табиғи апатқа байланысты Президент өңірге жұмысшы тобын жіберіп, жағдайды жіті бақылауына алды.

Жалпы, табиғаттың бұлайша тосын мінез танытуына не себеп? Нақты шығын көлемі қандай? Әлеуметтік желілерде желдей кезіп жүрген ақпараттар қаншалықты шындыққа жанасады? Жер дүмпуі тағы қайталануы мүмкін бе? Санаға салмақ салған сауалдарға жауап іздеп көрсек.

## А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Негізі, жердің алғашқы сілкінуі 28 наурыз күні таңғы сағат 03:40 шамасында болды. Халық қалың ұйқыда жатқандықтан, мұны біреу сезсе, біреу сезбеді. Алайда 4-5 балдық дүмпу болған Меркі мен Т.Рысқұлов ауданының тұрғындарынан ұйқы да, күлкі де қашқаны анық.

Бастапқыда 12 тұрғын үй мен 16 әлеуметтік нысан зақымданғаны айтылды. Оның 12-і Меркі ауданына тиесілі болса, 16-ы Т.Рысқұлов ауданындағы нысандар. Бөліп айтатыны, Меркі ауданындағы «Балдәурен» балабақшасы жұмысын толықтай тоқтатты. Ғимарат 40 пайызға бүлінген. Мұнда тәрбиеленіп жатқан 250 бала сәуір айының ортасына дейін балабақшаға кіре алмайды. Сондықтан аудандық білім бөлімі оларды өзге бөбекжайларға орналастыруда. Бұдан бөлек, Меркі ауданының орталық аурухананың ғимараты, бірнеше ауылдық амбулатория мен балаларды оңарту орталығының қабырғалары жарылған. Жеке тұрғын үйлердің қасбеттеріне де сызат түскен.

Оқиға болған күні облыс әкімі Ербол Қарашөкеев қос ауданға шұғыл жетті. Аймақ басшысы төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізіп, бүлінген нысандарды аралап көрді. Нәтижесінде, жоғарыда аталған Меркі ауданынан бөлек Т.Рысқұлов ауданында Абай ауылындағы тұрғын үйдің, Жанатұрмыс ауылындағы 6 баспананың, ауылдық мектептің, Қаракыстақ ауылдық округіндегі

мәдениет үйінің қабырғалары жарылғаны белгілі болды. Қос аудандағы ахуалды көзбен көрген өңір басшысы Меркі ауданына 33 бірлік техника мен 55 адам, Т.Рысқұлов ауданына 40 бірлік техника мен 65 адамды жұмылдырып, сақтық шараларын күшейтті. Бұдан бөлек, Қырғыз Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігімен байланыс орнатылып, Шоң-Қақпа және Орто-Тоқай су қоймалары қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрғаны анықталды.

Осы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкімі Ербол Шырақпайұлының есебін тыңдап, облысқа арнайы жұмыс тобы жолданатынын хабардар етті.

Үкіметтің жұмыс тобы Жамбылға жеткенде зақымданған нысандардың саны арта түсті. Меркі мен Т.Рысқұлов аудандарын аралаған олар 100-ден аса нысанды есепке алды. Алайда оның бәрі бірдей бүлінді деуге ертерек. Нақты қорытындысын комиссия мүшелері сәуір айының басында жазия етпек. Осылайша, тұрғын үйлердің бүлінген, әлде бүлінбегені комиссия шешіміне байланысты болып тұр.

— Жер сілкінісі кезінде үйімнің 4 қабырғасы бірдей жарылып кетті. Бала-шағамның қамын ойлап, енді не істерімді білмей отырғанда комиссия мүшелері үйіме келді. Жағдайды көзбен көрді. Тұрғын үйді қалпына келтіріп беретіндерін айтты. Осы сөз жанымға демеу болып тұр, — дейді Жанатұрмыс ауылының тұрғыны Бейсекүл Айымбекова.

Бұл күні комиссия мүшелері бес үйді аралап, барысын бағамдады. Ауыл



тұрғындарымен әңгімелесу барысында облыс әкімі Ербол Қарашөкеев зардап шеккен тұрғындарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілетінінен хабардар етті. Сондай-ақ зақымданған ауыл мектебінің ғимаратын да тез арада қалпына келтіріп беруге уәде етті.

Әзірге екі аудан бойынша 17 әлеуметтік нысанның бүлінгені туралы хаттама толықтырылып отыр. Оның ішінде 11-і білім беру мекемесі болса, 2-і денсаулық, 2-і әлеуметтік қорғау, 1-і спорт және 1-і мәдениет нысаны.

Облысқа жұмысшы тобын бастап келген Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары Кеген Тұрсынбаевтың айтуынша, зақымданған әлеуметтік нысандардың санын шамалап шығарғанымен, тұрғын секторынан арызданып келіп жатқандардың қарасы толастамапты.

— Бір күннің ішінде тұрғындардан баспанасы зардап шеккені туралы 107 арыз-шағым келіп түсті. Оның 97-і Т.Рысқұлов ауданынан болса, 10-ы — Меркі ауданынан. Алайда шағымданушылардың саны әлі толастамауда. Сондықтан біз тоқтаусыз халықтың арызын қабылдап жатырмыз. Сондай-ақ тұрғын үйлерді тексеріп, шығын көлемінде анықтап жатырмыз. Алдағы күндері тексерістің толық қорытындысын жариялаймыз, — дейді министрдің орынбасары.

Бір қызығы, бес балдық жер сілкінісі болған Меркі ауданына қарағанда, төрт балдық дүмпуден кейін Т.Рысқұлов аудан-

ында шағымданушылардың қарасы екі есе көп. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде Меркі ауданында 10 балдық жер сілкінісі болатыны туралы ақпарат тарап, көптің үрейін алды. Бұған аталған ауданға әскери техникалардың тартылып, тау бөктерінде тігіліп жатқан шатыр үйлер түсірілген видеоньң жариялануы отқа май құйғандай

пауға және жергілікті билік органдарының нұсқаулықтарын орындауға шақырамыз. Жалған ақпарат таратқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертеміз», — делінді департаменттің ресми мәлімдемесінде.

Иә, құзырлы сала мамандары бұқараға басу айтқанымен, әскерилер тау бөктерінде шоғырланып жатқанын жоққа шығармады.

Қазір көптің көкейінде тұрғаны — «Жер сілкінісі қайталанма?» деген сауал. Ал күні кеше Мьянманда болған жойқын жер сілкінісі үрейді үдетіп тұр. Бұған қатысты Алматы облысынан келген сейсмологтер қазір ел ішін аралап, зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Олар алдымен болжау стансасының жай-күйін тексеріп жатыр. Бір қуанарлығы, мамандар Жамбылда енді жер сілкінісі болмайтынына сендіруде.

Әрине, «жақсы сөз — жарым ырыс». Апат атаулысы енді болмасын деп тілейміз. Алайда өткен онжылдықта Т.Рысқұлов ауданында болған жойқын жер сілкінісінен Құлан ауылындағы үйлер үйіндіге айналған болатын. Сол кезде жер дүмпуінің бастау



болды. Алайда облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары үрейленуге еш негіз жоқтығы туралы мәлімдеді. «Меркі ауданы аумағындағы тауға бара жатқан жол бойында арнайы сақтық шаралары аясында уақытша шатырлар орнатылып жатыр. Бұл шара төтенше жағдайлардың алдын алу алгоритмі шеңберінде жүргізілуде.

Аландауға негіз жоқ. Ахуал тұрақты. Барлық тиісті мекемелер күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан шараларға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Өз қауіпсіздігіңіз үшін қажетті сақтық шараларын сақтауға, тек ресми ақпарат көздеріне сүйенуге, жалған ақпарат тарат-

алған нүктесі айтылмаған еді. Алайда ел ішінде «аудандағы тау бөктеріндегі орналасқан жерасты қоймасында жарылыс болып, соның толқыны жер сілкінісіне айналды» деген болжам тараған. Алайда ол болжам осы күнге дейін ақиқатын тапқан жоқ. Меркі мен Т.Рысқұлов ауданында күні кеше болған жер сілкінісіне қатысты да ел ішінде тарап жатқан әңгіме көп. Тіпті, Талдыбұлақ ауылының тұрғыны Әшімбек Өмірбекқызы жер сілкінісінің алғашқы соққысы толқын болып келіп, одан кейін дүмпуге айналғанын айтады. Енді оның ақ-қарасы мен анық-қанығы Үкіметтен жолданған жұмысшы топ пен сейсмолог мамандардың тексерісінен кейін белгілі болар...

1 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

**АҚШ-тың Бостон қаласында мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Маусымның асыға күткен байрақты жарысы отандастарымыз үшін жемісті болды. Әлемдік біріншілікке екі спортшымыз қатысып, бірі олимпиадаға лицензия ұтып алса, бірі тарихи күміс жүлдені олжалады.**



ДОДА

Мәнерлеп сырғанаушы 2026 жылғы Олимпиада ойындарына қатысу нормативін толық орындады. Ол үшін спортшы әлем чемпионатында үздік 24 спортшының қатарына енуі қажет болатын.

## БЕЛДІ ҚАРСЫЛАСТАР

Жарыстың алдында сарапшылардың пікірінше, ерлер арасындағы жекеley сырғанауда басты фаворит америкалық Илья Малинин болған еді. «Төрттіктің королі» атанған ол бірнеше маусым бойы көшбасшылықты ешкімге бермей келді және осы әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінгісі келетіні анық білінді.

Малинин бағдарламасына жеті төрттік секіруді, соның ішінде әлемде тек өзі орындайтын төрттік аксельді қосу жоспарын

## ҚАЙПАНОВ – ЧЕМПИОН



**Иорданияда 25-30 наурыз күндері күрес түрлерінен өткен Азия чемпионатыда қазақ балуандары екі алтын медаль ғана иеленді. Күрестің жалпы үш түрі бойынша отандық 30 бозкілем шеберлері тек 11 жүлде иеленді.**

72 келіде әйелдер күресінен сынға түскен Жәмила Бакбергенова мен жарыстың соңғы күнінде еркін күрестен Нұржожа Қайпанов үздік шықты. Бакбергенова бұл сында Азияның төрт дүркін чемпион атанғанын ерекше айтуымыз керек. Ал Қайпанов құрлық біріншілігін үшінші рет бағындырып, сенімді ақталды.

Аталған сында грек-рим, еркін және әйелдер күресі ұлттық командасының көптеген балуандары сенімді ақтай алмады.

Жарыстың алғашқы екі күнінде белдескен классик балуандар 2 күміс, 2 қола медаль иеленді. Олардың ішінде Омар Сатаев (82 келі) пен Әлімхан Сыздықов (130 келі) финалға шыққанымен, шешуші сәтте есе жіберді. Сондай-ақ Ибрагим Магомадов (77 келі) пен легионер Шәміл Ожаев (87 келі) үшінші орынға ие болды.

27-28 наурыз күндері әйелдер күресінен сын түскен қазақстандық бұрымды балуандардың арасынан тек екі балуан бір алтын, бір қола медаль еншіледі.

Еркін күрестен құрама балуандары 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медальға қол жеткізді. Оның ішінде әлем чемпионы Ризабек Айтмұқан үшінші жыл қатарынан құрлық біріншілігінде күміс жүлдегер атанды. Ал жана салмақта Болат Сақаевта (86 келі) күміс жүлдеге ие болды. Сондай-ақ Азамат Дәулетбеков сары құрлық бәсекесінен алтыншы жүлдесін иеленді.

# МҰЗ ҮСТІНДЕГІ МИХАИЛ

## Әсет ҚАЛИ

Отандасымыз Михаил Шайдоров Сеулде өткен төрт құрлық чемпионатындағы әсерлі жеңісі мен 2025 жылғы Азия ойындарының қола медалінен кейін көпшілікке үлкен үміт сыйлаған еді. Үміт ақталды. Мұздағы өреніміз әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Әр елдің дүлдүлдері жиналған мұз айдынында үздіктердің қатарынан көрініп, тарихи жеңісіне қол жеткізді. Бұл – осыдан он жыл бұрын Денис Тен жеткен биік еді. Араға он жыл салып, Шайдоров сол тарихты қайталады.

## КҮМІС МЕДАЛЬДІҢ ЖОЛЫ

Михаил Шайдоровтың мансаптық жолы Алматыдағы сауда орталығында басталған екен. Оның бірінші бапкері әкесі Станислав Шайдоров болды. Станислав Шайдоровта өз заманының белгілі спортшысы болған. Қазақстан құрамасының атынан бір талай жарыстың шымбылдығын ашқан көреген ардагер десек артық емес. Станислав та кезінде Денис Тенді де жаттықтырып, дайындаған көрінеді. 2018 жылдан бастап Михаил ресейлік маман Алексей Урмановтың қоластында жаттығып келеді. Еске сала кетсек, Алексей Урманов – мәнерлеп сырғанаудан 1994 жылғы олимпиада чемпионы. Михаилдың мұздағы жолының маңызды кезеңі жастар арасындағы әлем чемпионатынан басталды десек болады. Өйткені сол кезде көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, жарысты 2-орынмен аяқтаған еді. Келесі жылы 2023-те Михаил әлем чемпионатында алғаш рет бағын сынап көргенімен, тәжірибенің аздығынан жарысты 14-орынмен аяқтаған еді. Енді араға 2 жыл салып, Шайдоров көрсеткішін жана белеске көтерді.

Сайысқа оралсақ, отандасымыз қысқа бағдарламада 94,77 ұпай жинап, аралық үшінші орынға тұрақтаған еді. Бұл сайыста америкалық Илья Малининнің (110,41 ұпай) бағы жанса, жапониялық Юма Кагияма 107,09 ұпай екінші орынға жайғасқан еді.



Атап айтқанда, Шайдоров ресми жарыста үштік аксель мен төрттік тулуп комбинациясын таза орындаған бірінші спортшы атанды.

Әлем чемпионатының алтын медалін 318,56 ұпаймен қатарынан екінші рет америкалық Илья Малинин жеңіп алды. Ал жапониялық Юма Кагияма үздік үштікті 278,19 ұпаймен қорытындылады.

қарастырған еді. Соңғы сұхбаттарының бірінде Илья бұл шешімді жарыс алдында мұздың жағдайы мен өзінің көңіл күйіне байланысты қабылдайтынын айтқан болатын. Оның еркін бағдарламадағы өнері әлем чемпионатының ең жарқын сәттерінің бірі болды. Осылайша, ол қатарынан екі дүркін әлем чемпионы болды.

Шайдоровтың негізгі бәсекелестерінің арасында жапондық Юма Кагияма да болды. Ол олимпиада ойындарының екі дүркін жүлдегері. Кагияма Малининмен арадағы алшақтықты азайту үшін белсенді жұмыс атқарса да, әзірге оған жақындай алмады. Тіпті, Юма және бүкіл Жапония құрамасы бұл маусымды сәтті бастай алмады. Көптеген қателік жіберілді. Әсіресе, ол Азия ойындарында керемет қысқа бағдарламадан кейін артықшылығын жоғалтып, тек екінші орынмен шектелді.

Юма төрт құрлық чемпионатына қатысқан жоқ. Бәлкім, Жапония құрамасының көшбасшыларына қателіктерді түзету және әлем чемпионатына дайындалу үшін уақыт берілген болар. Бұл жарыста егер ол таза сырғанаса, жүлделі орынға кепілдік бар.

Қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Софья Самоделькина АҚШ-тың Бостон қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатындағы өнерін сәтті аяқтады. Ол еркін бағдарламада 117,78 ұпай жинап, жалпы сомасы – 181,36 ұпайды қанағат тұтты. Нәтижесінде, жарысты 14-орынмен аяқтады.

Софья Самоделькина соңғы жарыстарда таза сырғанауда. Бірақ әзірге оған қажетті ұпайларды жинау үшін күрделілік жетпейді. Ол Бостонда жүлде үшін күреседі деп болжау қиын болғанымен, көшбасшыларға бәсекелестік көрсете алды.

Жеңісті америкалық Алиса Лью 222,97 ұпаймен жұлпып алды. Екінші орынға жапондық Каори Сакамото (217,98 ұпай) тұрақтаса, үздік үштікті тағы бір жапондық спортшы Монэ Тиба (215,24 ұпай) қорытындылады.

Айта кетейік, Софья Самоделькина 2026 жылғы олимпиада ойындарына қатысу нормативін орындады. Ол үшін спортшы әлем чемпионатында топ-24 қатарына енуі қажет еді. Бұл көрсеткіштің ресми түрде расталуы кейінірек жарияланады.

**Сайыстың тағдыры еркін бағдарламада шешілді. Шайдоров бар күш-жігерін жинап, мансабындағы ең үздік көрсеткішті тіркеді. Ол төрешілердің шешімімен 192,70 ұпай жинап, жалпы есепте 287,47 ұпаймен күміс жүлдеге ие болды.**

Сайыстың тағдыры еркін бағдарламада шешілді. Шайдоров бар күш-жігерін жинап, мансабындағы ең үздік көрсеткішті тіркеді. Ол төрешілердің шешімімен 192,70 ұпай жинап, жалпы есепте 287,47 ұпаймен күміс жүлдеге ие болды.

Шайдоровтың тарихи жеңісінде үлкен еңбек жатыр. Неге десеңіз, ол еркін бағдарламада барлық элемент үшін оң бонустар алды. Михаил секіруден бес ультра-си, яғни қиындығы жоғары, оның ішінде төрттік лутц, квад-тулуп каскадын секіруді мінсіз орындады.

– Мен өз көзіме сене алмай тұрмын. Коньки тебуге шыққанда медаль туралы ойлаған жоқпын. Осы әлемі аренада мүмкіндігінше жақсы сырғанап, барлық эмоциядан ләззат алғым келді. Оған бар күшімді салғым келді. Маусымды осылай аяқтаймын деп еш ойламап едім. Маусым басында әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінетініме ешқашан сенбес едім. Бұл ұзақ және қиын маусым болды, сонымен қатар серпінді маусым болды, енді тек алға жылжу керек, – деп айтты Михаил Шайдоров жарысты қорытындылап.

## КОНКУРДАН ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

**Еліміздің 10 клубы мен ат спорты мектептерінен 30-дан астам спортшы қатысты. 28-30 наурыз күндері елордадағы Prestige Horse Club базасында жабық манежде конкур спортынан Қазақстан Республикасы кубогы өтті.**



Ат спортының бұл айтулы додасына еліміздің 10 клубы мен ат спорты мектептерінен 30-дан астам спортшы қатысып, екі топта 6 түрлі бағдарлама бойынша бақ сынады.

Жарыс барысында Prestige Horse Club-тың атынан сынға түскен 5 шабандоз жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, бірнеше биіктікте жүлделі орындарға ие болды. Бұл клубтың Қазақстандағы жетекші ат спорты орталығы ретіндегі беделін тағы бір мәрте дәлелдеді.

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4574

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,